

Біз, қазақстандықтар,
біртұтас халықпыз және
біздің бәрімізге ортақ
тағдырымыз бар – бұл
біздің Мәңгілік Ел, біздің
даңқты Қазақстан.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

СҰХБАТ



АТАЛУЫ КЕРЕМЕТ
ҚАЛА ЕДІ...

4

ҚАЛА КҮНІ



ЖАҢА
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
КЕҢІСТІК

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 20 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
928 638

II компонентпен
830 287

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

22.09.2021

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

КӨРІКТІ АУЛА, КӨҢІЛДІ ТҰРҒЫНДАР



Өткен жексенбіде алматылықтар пандемия жағдайында болса да, шектеу, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, Қала күнін атап өтті. Мерейлі мерекеде Алматының Құрметті азаматтарын марапаттау рәсімі, мегаполистегі көпбалалы 227 отбасына пәтер кілтін табыс ету, жаңа шығармашылық кеңістіктің таныстырылымы, «Үздік аула» байқауын қорытындылау сияқты шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, тұрғындардың өмір сүруге жайлы, сапалы тұрмысын қамтамасыз етуге бағытталған тағы басқа да нысандардың ашылу салтанаты өтті.

Алматыдай алып шаһарды көрікті етіп әрі таза ұстау – әр тұрғынның парызы һәм міндеті. Қаламызда ауласы сәнді, гүл мен жасыл желекке оранған, айналасы мұнтаздай таза аулалар баршылық екен.

Аулаларды үздік көгалдандыру байқауының қорытындысына орай Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жеңімпаздарды құттықтап, оларға аулаларды абаттандыруға арналған өсімдіктерді сатып алуға болатын сертификаттар тапсырды.

Бүгінгі нөмірде ►►►

#ЕКПЕАЛ

ВАКЦИНА АЛУ –
МАҢЫЗДЫ



Коронавирустың эпидемиологиялық жағдайы әлі де тұрақсыз. Оны Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының мәліметтері дәлелдейді. Қазіргі кезде күніне 500-ден астам КВИ инфекциясы тіркелуде.

ҚЫСҚА...

- Елімізде терроризм актісі туралы жалған хабарлама таратқандар 14,5 млн. теңге айыппұл төлейді.
- 1 қарашадан бастап «Нұр-Сұлтан – Павлодар», «Шымкент – Өзбекстан шекарасы», «Щучинск – Көкшетау», «Қапшағай – Талдықорған», «Шымкент – Тараз», «Тараз – Қайнар», «Шымкент – Қызылорда» жолдары ақылы болады.
- Қазақстандық ғалымдар Альцгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрі жасап жатыр.
- Мегаполисте көпбалалы отбасыларға, мүгедек баланы асыраушыларға және жетім балаларға «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттен арнайы 2 млрд. теңге бөлінді.
- Қалада жол ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлемейтіндерге тексеру жүріп жатыр.
- Әл-Фараби және Назарбаев даңғылдарының қиылысында соңғы үлгідегі заманауи Өнер мұражайы салынады.



БРИФИНГ

БАСПАНАЛЫ БОЛҒАҢДАР САНЫ АРТТЫ

Әсел
ДАҒЖАН

Мегаполисте 31 мыңнан астам азамат үй кезегінде тұр. Бұл туралы онлайн-брифинг кезінде Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқарма басшысының орынбасары Ермек Әміров мәлімдеді.

«Қалада халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету белсенді жүргізілуде. Бүгінде тұрғын үй кезегінде 31 мыңнан астам азамат тұр. Олардың 20 мыңнан астамы әлеуметтік жағынан осал топқа жатады.

БАЙҚАУ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының басшысы Әли Райымбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі барысында көгалдандыру байқауының қалай өткені туралы айтты.

«Аула аумағын көгалдандыру–2021» байқауы Қала күніне орайластырылған. Қатысқысы келетіндер өте көп болды. 324 өтініш келіп түсті, оның 84-іне комиссия мүшелері дауыс берді. Әр ауланы Қоғамдық кеңес мүшелерінен, ландшафтық сәулетшілерден, қоғамдық ұйымдар басшыларынан тұратын әділ және сауатты қазылар алқасы қарады. 1–3-орын иегерлері электронды дауыс беру арқылы анықталды.

«Экология – біздің жұмыстың негізгі бағыты. Ауланың көгалдандырылуы экологиялық қана емес, әлеуметтік сипатқа да ие. Қала тұрғындарының идеялары өте ерекше. Сондықтан жеңімпаздарды тандау оңай болған жоқ. Тұрғындар ауланы қалай жақсы және әдемі етуге болатынын үлгі ретінде көрсетті. Бүгінде тұрғындар қызықты композициялар жасайды, экологиялық таза материалдарды пайдаланады, қысқасы, тұрғындар еңбегін «кішкентай Швейцария құрды» деп айтуға болады», – дейді Ә.Райымбаев.

Байқау тамыз айының соңында жарияланып, өтінімдерді қабылдау 3 қыркүйекте

Елбасының тапсырмасымен тұрмысы төмен азаматтарды тұрғын үймен қамту бойынша «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Оған көпбалалы, толық емес отбасы және мүгедек баланы асыраушылар кіреді», – деді спикер.

Оның айтуынша, үш жыл ішінде «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында 634 отбасы банкке өз төлем қабілеттілігін растап, баспаналы болған. Сонымен қатар, биыл жергілікті бюджеттен осы бағдарламаға 3,3 млрд. теңге көлемінде қосымша қаражат бөлінді. Осылайша жоспарланған 790 пәтердің саны 1013-ке жетті.

«Сондай-ақ, көпбалалы отбасылар, мүгедек баланы асыраушылар және жетім балаларға «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттен арнайы 2 млрд. теңге бөлінді. Ол әр адамға 1 млн. теңгеден, яғни 2 мың адамға пәтерінің алғашқы жарнасы ретінде беріледі. Қазір 1 млн. теңгелік сертификаттарды табыстау жұмысы жүргізіліп жатыр», – деді Ермек Әміров.

Естеріңізде болса, «Алматы жастары» бағдарламасы аясында былтыр 1003 жас отбасы баспаналы болған еді, биыл да үймен қамту сол деңгейде болмақ. Қала күніне орай, кеше Алматыда 227 отбасы пәтер кілтін алды.

ТАЗА АУЛА – ТАЗА ҒАЛАМШАР

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

басталды. Қоғамдық дауыс беру қорытындысы бойынша жүлде қоры 24 жеңімпаздың арасында ойнатылды: Гран-при: тауарлық – материалдарды, ауланы абаттандыруға арналған өсімдіктерді сатып алуға 5 миллион теңгеге сертификат; 8 ауданда 1-орын үшін – 1 миллион теңге; 8 ауданда 2-орын үшін – әрқайсысы 500 мың теңге; 8 ауданда 3-орын – бақша құралдары берілетін болды.

Комиссия мүшелерінің дауыс беруі кезінде жеңімпаз анықталды. Яна Чистилина, Түркісіб ауданындағы Монтажная көшесі, 15 мекенжайындағы ауланы ұсынушы.

«TAL» архитектуралық бюросының жетекшісі Назерке Мұндаханованы ауладағы түрлі гүлдер мен өсімдіктер таңқалдырды. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында сөйлеген сөзінде ол әр аулада жақсы күтілген ағаштар мен бұталар көп болғанын, тұрғындардың олардың дизайнына шығармашылықпен қарағанын айтты.

«Біз жасыл желектің жалпы жағдайын ғана емес, сонымен қатар оларды түптеу және суару жұмыстарына да назар аудардық. Мысалы, аулалардың бірінде тұрғындар өздерінің үйінен суару жүйесін ойлап тапты», – дейді Н.Мұндаханова.

БӘРЕКЕЛДІ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР ҚУАНЫШЫ

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Алматыда Қала күнінде 227 көпбалалы отбасы пәтер кілтін алды. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Наурызбай ауданының «Алма Сити-5» тұрғын үй кешенінен үш бөлмелі пәтер алған жана қоныстанушыларды құттықтады.

Үйлер «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған. Қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы отбасыларға 227 үш бөлмелі пәтер бөлінді. Жаңа қоныстанушыларды құттықтай отырып, мегаполис әкімі Б.Сағынтаев қала тұрғындарына әлеуметтік қамқорлық әкімдік жұмысының басты бағыты екенін айтты.

– Бүгін – қала күні. Мереке құтты болсын! Елбасымыз Алматыны «Тәуелсіздіктің төл бесігі» деп атап өткен. Сондықтан біз қала күнін атына сай мерекелеуіміз керек. Биыл жергілікті бюджеттен қосымша қаржы бөлінді. 31 мың адам үйдің кезегінде тұр. Міне, бүгін аналарға баспана кілтін табыстадық. Жаңа қоныстарыңызбен құттықтаймыз! Үйлеріңіз берекеге, сәбидің күлкісіне толсын! Еліміздің тәуелсіздігі мәңгілік болсын! Мың баяулы Алматы шаһарымыз көркейе берсін! – деді қала әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Жыл басынан бері 2340 мұқтаж отбасыға жеңілдікпен несие беру аясында тұрғын үй табысталды. Соның ішінде коммуналдық тұрғын үй қорынан – 41, «Бақытты отбасы» республикалық бағдарламасы аясында көпбалалы, толық емес отбасылар мен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 181 несиелік заем берілді.

Бұл ретте Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевтың бастамасымен көпбалалы отбасыларға берілетін несие санын көбейту мақсатында жергілікті бюджеттен кезекте

тұрғындарға жеңілдетілген несиелерді қосымша қаржыландыруға 3,3 млрд. теңге бөлінді. Бұл шара тағы 223 несие беруге мүмкіндік береді. «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында барлығы 1013 отбасын баспанмен қамтамасыз ету жоспарлануда.

«Шаңырақ» республикалық бағдарламасы (5-10-20) аясында 2021 жылы 1310 несиелік заем берілді. Жұмыс істейтін жастарға 1050 жалға берілетін пәтер бөлінді. Бүгінде «Алматы жастары» қалалық жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы бойынша 772 несиелік заем бөлінді. Жыл соңына дейін қамту кемінде 1000 несиелік заемды құрайтын болады.

Сонымен қатар, шаһар басшысы Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша, алғашқы төлемнің бір бөлігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін 1 миллион теңге сомасындағы тұрғын үй сертификаттары әлеуметтік көмек түрінде өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі. Бұл үшін жергілікті бюджеттен 2 млрд. теңге бөлінді. Қаланың кезекте тұрған тұрғын үй сертификаттарын алушылар – 1 және 2-топтағы мүгедектер, мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылар.

Алматыда жыл басынан бері көмекке мұқтаж 2340 отбасы жеңілдетілген несие

аясында тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, мереке барысында мегаполис әкімі қаланың 2 миллионыншы тұрғынының анасына да пәтер кілтін табыстады.

Еске салсақ, Аяла Жамбыл 2021 жылы 21 маусымда дүниеге келген және Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша екі миллионыншы тұрғын болды. Мереке күні қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Аяланың ата-анасына Наурызбай ауданындағы «Алма Сити-5» тұрғын үй кешеніндегі үш бөлмелі жана пәтердің кілтін тапсырды.

Екі миллионыншы алматылық Аяла Жамбыл полиция қызметкері Бейбіт Әбілдаев пен балабақша тәрбиешісі Әлия Жаныбекованың отбасында дүниеге келді. Ол отбасындағы алтыншы қыз. Бұған дейін көпбалалы отбасы «Қарғалы» шағынауданында ата-анасының үйінде тұрған.

– Ана ретінде балаларымыздың туған күндері ең бақытты сәт болса, ал бүгін пәтер кілтін алу ешқашан ұмытылмайтын ең бақытты күн. Біз қаладан мұндай сыйлық аламыз деп күтпеген едік. Ең біріншіден, Аллаға, екінші пәтерлі болуға демеуші болған қала әкімі Бақытжан Әбдірұлына отбасымыздың атынан алғысымызды білдіреміз. Шаһарымыз көркейіп, дами берсін. Қала күні құтты болсын! – деп Әлия Жаныбекова қуанышымен бөлісті.

Гүлзада ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ, «Алтын алқа» иегері:

– Қала күні отбасымыз үшін ерекше күн болып тарихта қалды. Дәл осы мереке күні баспана кілтін алып отырмыз. Отбасымызбен өте қуаныштымыз. Пәтер кілтін алған барлық отбасы үшін қуаныштымын. Қала әкіміне алғысымыз шексіз. Әр шаңырақта тек қуаныш болсын деп тілеймін, – деді көпбалалы ана.

Жанна БЕКБАЕВА, көпбалалы ана:

– Мен 7 баланың анасымын. 2017 жылы үй кезегіне тұрған болатынбыз. Аз уақыттың ішінде үй берілді деген ой болған жоқ. Үйлі болатынымызды естігенде, қатты қуандық. Кезекке тұрғаннан кейін араға 4 жыл салып Наурызбай ауданынан 3 бөлмелі пәтердің кілті табыс етіліп жатыр. Қуанышымызда шек жоқ. Қала әкіміне үлкен алғысымызды білдіреміз. Барша алматылықтарды бүгінгі мерекелерімен құттықтай отырып, армандар орындалады деп айтқым келеді, – деді 7 баланың анасы.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қала күнінде тұрғын үй кезегінде тұрған

227

көпбалалы отбасы баспаналы болды.



Алматыда өрт қауіпсіздігін

17

бөлімше қамтамасыз етеді.



«Бюджетке қатысу» жобасы аясында биыл

536

ауланы абаттандыру жоспарланып отыр.



Биыл Алматыда

12 600

орынға арналған

8

жаңа мемлекеттік білім ордасы салынауда



«Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарын қаржыландыру көлемі шамамен

1

трлн. теңгені құрап отыр.



Қалада мемлекеттік бюджетке

1,1

трлн. теңге салық жиналды.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Құрметті азамат» атағы табысталды



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Қала күніне орай «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру және «Еңбегі үшін» төсбелгісін тапсыру салтанатты рәсімі өтті. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Қала күнінде мегаполистің қалыптасуы мен өсуіне ерекше үлес қосқан қала тұрғындарының сіңірген еңбегін ерекше атап өтті.

Белгілі қоғам қайраткерлері, ғылым мен білімнің, медицина мен мәдениеттің, кино мен әдебиеттің қызметкерлері қоғамға қызмет етіп, мегаполистің дамуында белсенділік танытып келеді. Қаланың қоғамдық-саяси өмірінің түрлі саласының өкілдеріне «Қаланың Құрметті азаматы» атағы берілді, сонымен қатар, «Еңбегі үшін» арнайы төсбелгісі тапсырылды. Алматы қаласының әкімі қала тұрғындары атынан алғыс айтып, ризашылығын білдірді.

– Сіздер бірімізге үлгісіздер әрі жоғары марапаттар мен құрметке лайықсыздар. Қала тұрғындары мен өз атымнан жанқиярлық еңбектеріңізге ризашылығымды білдіремін және өркендеулеріңізді тілеймін, – деді Б.Сағынтаев.

«Қаланың Құрметті азаматы» атағы қоғамдық және мемлекеттік қызметкер Темірхан Досмұхамбетовке, атақты музыкатанушы, профессор, ҚР Композиторлар одағының және Қазақстан музыкалық қайраткерлері одағының мүшесі Аравин Юрий Петровичке, академик, Қазақ КСР еңбек сіңірген сәулетшісі, Қазақстан Сәулетшілер одағының мүшесі Токтар Ералиевке, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің төрайымы, қала әкімі жанындағы мүгедектік мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі Ләззат Қалтаеваға, Қазақстан Республикасының халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанға берілді.



Нұрғали НҮСПЖАН, Қазақстан Республикасының Халық әртісі:

– Мен өнерде жұмыс істеген 65 жыл ішінде көптеген марапаттар мен құттықтауларға ие болдым. Дегенмен, маған «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру – мен үшін ең жоғары марапат болды. Себебі, бұл мені қаламыздың тағдырына қатысы бар адам ретінде тану деп білемін.

Алматы – бұл біздің республикамыздың өнер мен ғылымдағы ең үздік бастамалары шоғырланған басты тірегі. Алматы көшбасшы атағын жоғары көтере беретініне сенімдімін. Өйткені, оның негізі осы жерде қаланған. Мұнда ең құнды байлық – екі миллионнан астам халқы бар даңқты тұрғындар бар. Алматылықтар біздің қаламыздың және мемлекетіміздің басты құндылығы, олар болашақтың кепілі, мен бұған сенімдімін. Біз бұрынғыдай барлық салада озық позицияларда боламыз. Бұған бүгінде қаламызды ғана емес, бүкіл елді өзінің дарынымен дәріптеп жүрген жас Димаш Құдайберген мысал бола алады.

Біз де мұндай ұлдар мен қыздар өте көп. Игі бастамаларды жалғастыратын біздің жастармен мақтанамын. Ал біздер жас қала тұрғындарына дұрыс өмірлік бағдар беруге және көрсетуге дайынбыз. Жер бетіндегі ең үздік қала – сүйікті Алматының барлық тұрғындарын Қала күнімен құттықтаймын!

Ләззат ҚАЛТАЕВА, «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығы ҚБ төрайымы:

– Бүгін тамаша, өте маңызды және салтанатты күн! Біз «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру салтанаты шарасына қатыстық. Бұл тізімге әрқашан өте жауапты лауазымдарды атқарған адамдар, саяси және қоғам қайраткерлері, өнер және ғылым адамдары кіреді.

Бүгінгі таңда бұл жоғары атақ азаматтық қоғам өкілдеріне беріліп келеді. Бұл тізімге мүгедектігі бар адамдардың өкілі, азаматтық қоғамнан шыққан әйел кіргені үлкен жауапкершілік пен мақтаныш сезімін тудырды. Және бұл біздің қаламыз тарапынан жоғары бағаланады. Мүгедектігі бар адамдар – бұл тек қызмет алушылар мен әртүрлі көмек алушылар ғана емес. Біріншіден, бұл азаматтар, құқық иелері, қаланың және еліміздің дамуына өз үлесін қосатын тұлғалар болып табылады.



Токтар ЕРАЛИЕВ, академик, Қазақ КСР еңбек сіңірген сәулетшісі:

– Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевпен салтанатты кездесу өтті. Онда қала басшысы бізге Алматы қаласының «Құрметті азаматы» деген жоғары атақарды табыс етті. Мен үшін бұл күтпеген жағдай болды. Менің

негізгі және басты мамандығым – сәулетші. Осы мамандық аясында 51 жыл қызмет етіп келемін. Қалада менің ғимараттарымның ерекше орны бар. Олардың қатарында Офицерлер үйі, Нұрлы тау, Алматы шипажайы және басқалары бар. Мен 51 жыл ішінде көптеген әлеуметтік маңызы бар нысандарды жобаладым. Менің еңбегімді бағалағаны үшін бәріне өте ризамын.

Алматы – Іле Алатауының баурайында жайғасқан өте әдемі қала. Жасыл желектер біздің қаланы қоршай орналасқан. Ең бастысы, қалада керемет тұрғындар өмір кешіп жатыр. Менің еңбегімді бағалағандардың барлығына алғыс айтамын. Осы күнге дейін мен қаланың қарапайым азаматы болдым, ал қазір – Құрметті азаматы атандым, бұл менің жүктеме жауапкершілік тұрғысынан өсті дегенді білдіреді. Әкімдік пен қала тұрғындарына үлкен алғыс айтамын. Атақты тапсыру қала күніне орай өткізілді. Ол әрдайым күздің керемет уақытына сәйкес келеді десек болады. Барлық алматылықтарды мерекемен құттықтаймын, әрбіреуіне денсаулық, бақыт және амандық тілеймін!



Юрий АРАВИН, музыкатанушы, профессор:

– Менің бүкіл өмірім Алматымен байланысты. Біздің қалаға қатысты барлық нәрсе мен үшін қымбат және жақын. Мен «Алматы қаласының Құрметті азаматы» сияқты беделді марапатқа ұсынылғанымға қуаныштымын.

Алматы – еліміздің ең әдемі шаһары, мен осында құрметті адаммын, ол мен үшін қымбат. Менің күш-жігерімді және қаламыздың дамуына қосқан үлесімді бағалаған барлық адамға алғысымды айтамын. Мен үшін Алматы тек қала орталығымен ғана шектелмейді, мегаполис кеңеюде және бұл керемет дүние. Халық саны өсуде, жаңа шағынаудандар құрылуда, жылдан-жылға өмір жақсаруда.

Алматы – біздің тауларымыз, онда мен өмірімнің жартысын өткіздім. Тау шыңдары мен асулармен таныс адамдар түсінеді. Барлық алматылықтарды, қымбатты отандастарымды Қала күнімен құттықтай отырып, денсаулық және одан әрі өркендеу тілеймін!

ЖАҢА КОРПУС

Гимназия іргесі кеңіді

Гүлжанат СЕМБАЕВА



Қала күнінде Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев биылғы оқу жылында есігін ашқан №199 мектеп-гимназиясының жаңа корпусында болды.

Бостандық ауданындағы №199 гимназияның жаңа корпусы мектептегі оқушы орнының тапшылығын толығымен жабады. Осы уақытқа дейін жобалық қуаты 168 орынды мектепте 482 бала оқыды. Орын жеткіліксіз болды. Енді 425 орынды жаңа корпусың арқасында барлық мектеп оқушысы жайлы жағдайда оқи алады.

«Көп жұмыс істелді, қазір біздің гимназияның кеңейгеніне өте қуаныштымын. Бүгінде ауданымыз өсуде, көптеген жаңа үйлер салынуда, оқушы орындары жетіспейтіндіктен, мектептер салу қажет», – деді қала әкіміне білім беру ардагері Әсем Беспаева.

Білім беру объектілерін салу құрылысты сапалы жүргізуге әрі мектептің жаңа корпусын барынша қысқа мерзімде пайдалануға беруге ықпал етті: құрылыс жұмыстары өткен жылы басталды, ал 2021 жылдың қыркүйегінде мектеп жүздеген оқушыларға есігін ашты.

№199 көркемдік-эстетикалық және итальян тіліне мамандандырылған гимназия мектебінің директоры Сандұғаш Нышанова бұл білім беру мекемесі 2017 жылы №2 балалар үйі ғимаратының базасында ұйымдастырылғанын атап өтті. 1962 жылы салынған ескі ғимарат барлық қажеттілікті қанағаттандырмады және көп балаға есептелмеген. Сондықтан әкімдік жаңа білім беру ғимаратын салу арқылы оны жаңғыртуға шешім қабылдады.

«Жаңа мектеп ғимараты үш қабатты. Онда 240 орынды асхана, акт залы, үлкен спорт залы, заманауи кітапхана және мұғалімдер бөлмесі бар. Бұл ғимарат заманауи мектептің барлық стандарты мен нормала-

рына сәйкес келеді. Сыныптар компьютермен жабдықталған, көркем сабақтар өткізудің барлық арнайы құрылғысымен жабдықталған. Дарынды балаларға арналған гимназия бейнелеу өнері бағытында оқытылады және итальян тілі үйретіледі. Оқушылар 5-сыныптан бастап емтихан арқылы бүкіл қала бойынша қабылданады. Қабылдау маусым айынан, ал сабақ келер жылы қыркүйектен басталады», – деді гимназия мектебінің директоры.

С.Нышанова жалпы білім беретін пәндер жаңа корпуста оқытылатынын, ал ескі корпустағы шеберханалар шығармашылықпен айналысуға сай жабдықталатынын айтты. Сонымен қатар, ескі ғимаратты өнер мектептерінің стандартына сай етіп жаңарту жоспарлануда.

«Жаңа корпусы салып бергеннен өзге, қоршауды ауыстырды, аумақты абаттандырды, ағаштар отырғызды. Мектепті, кітапхананы безендірудің дизайнын біз өзіміз жасадық», – дейді мектеп директоры.

Алматыда 2021-2022 оқу жылында жалпы контингенті 300 мыңнан асатын 289 мектеп бар, оның 207-сі мемлекеттік және 82-сі жекеменшік мектептер. Оқушы орындарының тапшылығын кезең-кезеңімен шешу үшін білім беру объектілерінің құрылысы жүргізілуде.

Жалпы, қаладағы мектеп оқушыларына жайлы оқу үдерісін қамтамасыз ету мақсатында биыл 12600 орынды 8 мектеп салынуда: 5100 орынды 3 мектеп ағымдағы жылдың желтоқсанында беріледі, 2022 жылы қалған 5 мектеп екінші тоқсанда пайдалануға беріледі. Жалпы, жыл соңына дейін жалпы саны 16 мың оқушы орны бар 31 білім нысаны іске қосылады.

ЖАҢА ДЕПО

Заманауи бекет ашылды

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету шаралары аясында Наурызбай ауданындағы «Ақжар» ықшамауданында өрт сөндіру депосы салынды. Бір жарым жылға жетер-жетпес уақытта бой көтерген бөлімшенің ашылуы Қала күнінде өтті. Бұл аймақта 130 мыңнан астам тұрғын бар.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев өрт сөндірушілерді бөлімшенің ашылуымен құттықтап, қызметтері үшін алғысын білдірді. Жаңа өрт сөндіру бекеті оқиға орнына бару уақытын қысқартады және өрт қауіпсіздігінің тиімділігін арттырады. Қала әкімі бөлімшені, гарнизон қызметкерлеріне арналған жатақхананы қарап шықты. Сонымен қатар, өрт сөндірушілерге қызметтік көліктердің кілті табысталды. Ашылу салтанатына ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдері, Төтенше жағдайлар департаментінің басшылығы, қызметтің ардагерлері де қатысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұрат МАЙЛЕБАЕВ, СОО желісінің өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қызметінің басшысы:

– Алматы қаласында өрт сөндіру саласында 1971 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Кезінде осындай өрт сөндіру ғимараттарын салғанбыз. Мұның қандай жауапкершілігі жоғары, қиын шаруа екенін түсінеміз. Облыста, республикада талай өрт сөндіру орталықтарының іргесін қаладық. Бұл оңай іс емес.

Бүгін өте керемет күн десек болады. Қаламыз қарыштап дамып келеді. Оның бір көрінісі ретінде Наурызбай ауданындағы өрт сөндіру қызметі орталығын атап өтуге болады. Бұл өрт сөндіру орталығы техникасы жағымен ерекшеленбек. Жалпы, мен өрт сөндірушілерге Қала күні мерекесі аясында үлкен алғыс айтқым келеді. Өмірлерін қатерге тігіп, мойнына үлкен жауапкершілік ала отырып, тұрғындардың өмірін құтқару үшін аянбай қызмет етеді. Жас кезімде бұл қызметке қызығушылықпен қарайтын едім. Қазір зейнетке шыққан соң сәл бағытымды өзгертіп, сауда ойын-сауық орталықтарына қарай бет бұрдым. Қала тұрғындарын мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын.

Сұлтан КЕМЕЛҰЛЫ, өрт сөндіруші:

– Жұмысымыз, әрине, оңай емес. Күн сайын бөлімнің өрт сөндірушілері қаладағы әртүрлі жағдайда шыққан өртті сөндіруге барады. Қала тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік те жоғары болуға тиіс.

2014 жылы құрылған Наурызбай ауданына «Жайлау», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Рахат», «Қарғалы», «Таусамалы», «Ақжар», «Тастыбұлақ», «Таужолы», «Шұғыла», «Алтын Алаш», «Қалқаман-1, 2, 3» ықшамаудандары кіреді. Жалпы тұрғындар саны – 130108 адам.

Қалаға қосылған аумақта өрт сөндіру бекеті болмады. Сондықтан «Ақжар» ықшамауданында өрт сөндіру посты ұйымдастырылды. 2015 жылдан бері бұл бөлімше 700-ден астам шақыртуларға барған. Автоцистерналар өрт сөндіру бөлімінің қораптарына орналастырылады. Ауданның белсенді дамуын ескере отырып, өртті сөндіруге арналған құрал-жабдықтармен бірге, бөлім биік үйлерге арналған арнайы көліктермен жабдықталады. Бүгінде Алматы қаласының өрттен қауіпсіздігін 17 бөлімше қамтамасыз етеді. Өрт сөндіру қызметі 157 бірліктегі өрт сөндіретін автотехникамен жасақталған, күн сайын тәуліктік кезекшілікке 250-ге жуық адам шығады. Биыл жергілікті бюджет есебінен гарнизон тағы 45 бірлік техникамен толықтырылады.

Қазіргі уақытта өрт қауіпсіздігін күшейту және төтенше жағдайларға дер кезінде ден қою мақсатында Алатау ауданында өрт сөндіру бекетінің құрылысы аяқталуда. Бостандық ауданының «Нұр-Алатау» ықшамауданындағы 4 шақыртуға бара алатын өрт сөндіру бекетінің құрылысы жүргізілуде.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Айдос САРЫМ, саясаттанушы:



– Мен – алып империяның күйреуінің кейіпкері болған қазақпын. Желтоқсанның ызғары мені де шарпып өтті.

Күздің қоңыр салқын күндерінің бірі болатын. Баламын. Анам екеуіміз мектептен автобуспен қайтып келе жаттық. Жол ұзақ. Көшеде жаңбыр жауып тұр. Өңгімелесіп келеміз. Ол бүгін мектепте немен айналысқанымызды сұрады.

Мен күнделігімді алып, асықпай айта бастадым. Сол кезде автобуста айқай басталды. Басқа ұлттың өкілдері: «Сендер неге өздеріңнің «калбит» тілдерінде сөйлесесіңдер? Мәмбетшелеп үйлерінде сөйлесіңдер!», – деді. Бізді солай автобустан қуып шықты. Былайша айтсақ, бұралқы итше. Жыртылған сөмкемен жерге құлаған кітап-дәптерлерім балшық-балшық. Енді мектепке қалай баратынымды ойлап, қатты қапаландым. Анам болса мені қорғай алмағанына қапаланып жылады.

Келесі рейсті күтіп, малмандай су да болды, тондық та. Ал біздің көкірегімізді кернеген салқындық одан бетер болатын. Жолда да, үйде де бұл туралы тіс жармадық. Қорланғанымыз сонша, сол сәтті сөзбен жеткізу мүмкін емес еді. Үнсіз тамағымызды іштік, анам менің кітап, дәптерлерімді сорғытып, кептірді. Қалай ұйықтағанымыз, ұйықтай алдық па – есімде жоқ. Менің бір түсінгенім – бұл қорлыққа, бұл әділетсіздікке төзуге болмайтындық еді. Болған оқиға әлі күнге дейін көз алдымда. Өзімді ойламадым, анамды аяймын. Бізді бұралқы иттей автобустан лақтырып тастағанда қандай күй кешті екен. Оның көзінен аққан ащы жасын әлі күнге кешіре алмаймын. Өлім келсе, сол кезде сол автобусы түгел қопарып тастар едім.

Тәуелсіздік маған не берді? Ол маған өз елімде, өз жерімде ешкімнен жасқанбай еркін жүріп, еркін сөйлеуіме мүмкіндік жасады. Қазір кез келген ана баласымен кез келген жерде ана тілінде әңгімелесе алады. Бұл аз жетістік емес. Егер қазір біз Тәуелсіздік алмаған болсақ, мен өмірімді сол үшін сарп етер едім. Анаммен бірге бастан кешкен сол оқиға менің өмірге деген көзқарасымды түбегейлі өзгертті. Менің тәуелсіздік жолындағы бүгінгі күресім – анам үшін күрес. Тәуелсіздігімді, мемлекеттігімізді сақтап қалу мен үшін жан анамды қорғау. Анам қазір қасыма жоқ. Өрдайым дұға оқып, еске алып отырамыз.

Балзия СЕЙІТХАНҚЫЗЫ, жалпы тәжірибелік дәрігер:



– Тәуелсіздігіміздің туы желбірегеніне биыл 30 жыл толып отыр. Бұл жылдарда еліміз сан қилы сындарлы күндерді, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кету қаупін бастан өткерді.

Шүкір дейміз, бүгін еліміз аяғынан нық тұрып, етек-жеңін жиып, күннен-күнге дамып, жетілу үстінде. Аталарымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған жеріміз – қасиетті ұлы мекен үшін қаншама қан мен тер төгілді. Осынау Тәуелсіздіктің арқасында мен өзім қалаған мамандыққа тапсырып, білімді жетілдіру үстіндемін.

Жалпы тәжірибелік дәрігер ретінде екі жылға жуық жұмыс істеген уақытыма жаныма жақыны педиатрия екенін түсіндім. Шынымен, мамандықты шындағын келсе, алдымен бағытыңды айқындау керек екен. Сондықтан биыл Қазақ-Ресей медициналық университетіне педиатрия бойынша резидент-тураға түстім. Мен үшін сәбидің күлкисінен, денсаулығының мықты болғанынан артық бақыт жоқ сияқты, себебі, ол – отбасының да қуанышы, нағыз бақыты.

Ал №29 қалалық емхананы таңдаған кезде де осы Алатау ауданында көпбалалы отбасы көп екенін, уәдешілік дәрігер ретінде сәби денсаулығын жақсартуға үлес қоса алатынымды түсіндім. «Армансыз адам, қанатсыз құс болмайды» демекші, менің арғаным – Камал Ормантаев ағамыздай елімізге танылмал педиатр атанып, әр сәби жанына шипа болу, ешкім ешқашан ауырмаса екен деп тілеймін.


Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

СҰХБАТ

Осыдан бір ай бұрын, Семей полигонының жабылғанына отыз жыл толуына орай, «Вечерний Almaty» газетінде белгілі қазақстандық жазушы, ақын, ғалым және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовпен сұхбат жарияланған еді. Оны көптеген бұқаралық ақпарат құралдары көшіріп басты. Жарияланымдағы Олжас Омарұлының «Алматы қаласының атауын Алма-Атаға ауыстыру қажет» деген тұжырымы қоғамда біраз дүрбелең туғызды. Бұл идеяның қарсыластары әлеуметтік желілерді қолданушылар арасында сауалнама ұйымдастырды. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі Олжас Омарұлының ұсынысына қолдау білдірген.

Осыған орай, біз Олжас Омарұлы Сүлейменовке жолығып, әңгімені отандастарымыздың бір бөлігі үшін тым ауыр тиетін сауалдан бастауды жөн көрдік.

АТАЛУЫ КЕРЕМЕТ ҚАЛА ЕДІ...



Олжас
Сүлейменов:
қала,
білім және
талибандар
туралы

– Олжас Омарұлы, Сіз соңғы жылдары біздің қаламыздың атауына қатысты жиі әңгіме қозғап жүрісіз. Оңтүстік мегаполисті Алматы немесе Алма-Ата деп атау мәселесі қоғамда әрдайым белгілі бір пікірталас туғызатыны сөзсіз. Алайда, Сіздің соңғы тұжырымыңыз интернет-кеңістікті «жарып» жібергендей әсер алды. Мүмкін бұл осыдан тура жүз жыл бұрын Верный қаласын Алма-Ата қаласы деп қайта атау туралы жарлыққа қол қойылғанына байланысты да шығар. Ораз Жандосов қала атын өзгерту туралы жарлыққа қол қояр кезде, менің білуімше, бірнеше атаулардың нұсқалары болған көрінеді. Ол өзінің бір естелігінде сол нұсқалардың арасынан нағыз қазақша атау болады деп тек «Алма-Ата» нұсқасын таңдағанын айтыпты деседі, өйткені бұл атауды дыбысталуы бойынша құлаққа жағымды естілетін қазақша ең әдемі атау деген екен. Сонда бұл екеуінің қайсысы қазақы мақамға жақын болғаны? Алматы мен Алма-Ата атауларына қандай сипаттама берер едіңіз?

– Алма-Ата – таза қазақша атау. Алманың атасы, алма және ата – әлемдегі ең көне алма. Мұны біздің ғалымдар дәлелдеп те қойған. Сиверс алмасы – Жер бетіндегі ең ежелгі заман алмасы. Жаһандан одан басқа жабайы өнім жоқ, сондықтан Алма-Ата атауының қазақы төркініне ешкім дау айта алмайды. Үлкен ескі алма, Аталар алмасы, Алмалардың атасы. Міне, осы арқылы біз барша әлемге осынау інжілдік жемістің жалғыз Отаны – Алма-Ата екенін мәлімдейміз. Адам-ата мен Хауа-ананы еске түсіріңіз.

Мен Нью-Йорк қаласын «Үлкен Алма» деп атайтынын білемін, бірақ сол Нью-Йоркке қарағанда мұндай атауға біздің қаланың құқығы көбірек қой. Мен ол қалада болдым және бірде-бір алма ағашын көрмедім. Бірақ олар өздерін солай атайды. Біз қала атауының жүз жылдық мерейтойы деген сыйлықтан неге бас тартуымыз керек. Сондықтан Алма-Атадан басқаша атаудың болуы мүмкін емес.

Алматы атауы маған ұнамайды, неге? Біріншіден, «ты» – сын есім жұрнағы – қытайша, ал «лы» жұрнағы – жалпытүркілік. Алмалы деп – алма жемісі көп өсетін жерді атаған. Жергілікті тұрғындар солай атайтын болған. Ал «ты» – жоңғарлар мен қалмақтар Қытайдан әкелген жұрнақ.

Мәселен, бізде Мойынты стансасы бар, ол Мойынлы болуы керек еді. Мен дәл

осындай тағы бірнеше географиялық нүктелерді атай аламын. Бұл маңызды емес, ұсақ-түйек атаулар. Бір ғана осындай ірі елдімекен бар. Ол – Қарағанды. Қараған, мен бұл туралы арнайы айналысқанмын, жылқылар жақсы көретін шөп. Осы шөп өсетін жерді сондықтан да Қарағанды деп атап кеткен. Алайда, қазақша Қарағанды деп те айта бермейді, Қарағанда деп атау қалыптасып кеткен. Оған себеп, кез келген атау соңындағы «ы» дыбысы сол атаудың тонусын төмендетіп жібереді. Сондықтан да болар, заманауи әлем тілдерінің көпшілігінде «ы» дыбысы жоқ. Бұл өзі бір ерекше көмейден шығатын жартылай дауысты дыбыс. Әдетте, тілдік тұрғыдан артта қалған халықтар «ы» дыбысы бар және «ы» дыбысына толы сөздерді қолданады. Бұл туралы тіл білімі оқулықтарының бірінде: «ы» дыбысы көбінесе тек даму жағынан артта қалған тілдерде қолданылады» деп көрсетілген. Мен мұны шамамен жиырма бес жасыма жадымда сақтап қалғанмын.

Атауында «ы» дыбысы айтылатын бір сұлу қала бар, ол – Бақы. Бұл эзербайжан тілінде, ал барлық басқа тілдерде оны – Баку деп атайды. Тәуелсіз халық өз таңдауын осылайша жасап қойған, олар қаланың эзербайжанша атауын жалпыға бірдей және әлем бойынша қолданысқа енгізейік деп талап етпейді.

Ал қазір «Алматы» атауының жақтаушылары болса бакиндіктер бас тартқан жолмен жүруді талап етеді. Олар айтылуы қиындау бұл атаумен өз республикасы мен өз қаласының беделін түсіретінін түсінген. Баку атауы өте жақсы айтылады, әрі дыбысталуы да керемет және әркім оп-онай айта алады. Ал Бақы сөзін эзербайжандықтардың өздерінің ішінде екінің бірі еркін айта алмайды. Алматы атауы да сол сияқты.

Мен ұдайы өзімді «алматынец» емес, «алматинешпін» деп таныстырамын, «Алматы» деп ауылды атауға болады, ал екі миллиондық қала үшін әмбебап, жалпыадамзаттық атау керек. Әрі ол төрт ашық дауысты дыбыстары бар, құлаққа жағымды естілетін, айтылуы да әдемі атау болғаны жөн. Орта Азия қалаларының бірде-бірінің атауында жалпыәлемдік төрт ашық дауысты дыбыс жоқ. Ашхабад пен Самарқандты алайық, көңілге қонымды, сүйкімді естілетін атаулар. Ал Алма-Ата атауы бұлардан да үйлесімді, әлдеқайда ұтымды, керемет естіледі. Тіпті, пікірталастыруға да келмейді.

– Олжас Омарұлы, қаланың атауы туралы дау тек этимологиялық тұрғыда

ғана болып отырған жоқ қой. Алматы атауы 1993 жылғы ҚР Конституциясында жазылған. Қоғамдық талқылау болған жоқ, мәселенің мән-мәнісін ешкім ешкімнен сұрамады да. Яғни бұл атаудың лигитимді еместігі жайлы күмән әлі күнге дейін бар. 2019 жылы сұхбаттарыңыздың бірінде, Президентпен жеке сөйлескен кезіңізде, осы мәселе қозғалғанын тілге тиек еттіңіз. Ол кісі бұл мәселені халық шешуі керек деп айтты дедіңіз. Қаланың атын өзгерту үшін қазір не істеу керек деп ойлайсыз?

– Кейде халықпен ақылдаспастан, қалалардың атауын бес минуттың ішінде-ақ өзгерте салатын сәттер болады. Ал біз бүгін мұны, ең алдымен, қазақстандықтармен, алматылықтармен, көпшілікпен ақылдасып көргіміз келеді. Егер Президент халықты тыңдаса – әрине, тыңдауы керек – ол көпшіліктің пікірін еститіні сөзсіз және егер Жарлыққа қол қою керек болса, қолын да қояды деп ойлаймын.

Менің пікірімше, Алматы қаласы атауының жүз жылдық мерейтойына орай, шаһардың бұрынғы атауына қайта оралу керек. Біз 1991 жылы барлық жаңа атаулардан бас тартып, ескі атауларға қайта оралған едік қой. Бұл жағдайда да тура жүз жыл бұрын пайда болған ескі «Алма-Ата» атауына оралайық.

– Олжас Омарұлы, бүгінгі таңда еліміздің әрбір азаматын толғандырып отырған бір тақырыпты айналып өтуге болмас. ҚР Президенті күні кеше ғана өзі қатысқан ҰҚШҰ-ның өткен кездесуі аясында қабылданған барлық бастамаларды қолдады. Талибан тарапынан бізге қауіп бар ма және оған қалай қарсы тұруға болады?

– Біліммен қарсы тұру керек. Біз балалық шақтан, мектептен, университеттен ғылыми білімнің бар екенін, сондай-ақ, діни білімнің бар екенін түсіндіруіміз керек. Бұл екеуі әрқашан бір-бірімен бәсекелестікте дамиды, бәлкім бір-бірімен өзара ықпалдас-тықта болуы да мүмкін, кім біледі? Талқылап көрсек қайтеді. Ең бастысы – оларды жалғыз қалдыруға болмайды. Өкінішке қарай, бүгінде біз мұның бәрін ғылыми тұрғыда негіздеуге құлықсызбыз.

Діндердің қалай пайда болғанын мектептен бастап оқытқан жөн. Айға, күнге табынушылық қалай басталғанын, одан кейін не болғанын сол кезден-ақ оқыту керек. Балалар мұндай әңгімелердің барлығын зерделеуі тиіс, сонда олар қазіргі кездегі барлық діндер қалай пайда болғанын түсінетін болады.

Тайпалардың діндарлары қандай да бір белгілерді – кресті, жарты айды түсіндіруі нәтижесінде діндер пайда болады. Аңыздар арқылы тәрбиелеу де дұрыс, бұл да тәрбие құралы. Бұл бағытта көптеген жақсы бағдарлар бар. Мен қырып-жоюға шақыратын бірде-бір дінді естімеппін. Бәрі де бейбіт және жақсы өмір сүрейік дейді. Алайда, қандай да бір себептермен адамдар бір-бірін қырып-жояды. Бұл толық сауатсыздық пен надандықтан туындайтын құбылыс дер едім.

Мұсылмандар өздерінің дінін ең адамгершілікті, ең толерантты дін дейді. Мен тарихты қарап шықтым, ең толерантты және дінге төзімді тұлға – Бату хан болды, ол христиандықпен күреспеген, шіркеулерге алтын күмбездер салуға рұқсат берген. Ал христиандар сол уақытта барлық ежелгі грек әдебиеті мен өнерінің көзін жойған, өйткені, оларды пұтқа табынушылар деп пайымдаған. Мұсылмандар да өздерінің ілімдерін таратқан кезде солай істеді. Әрбір дін әлемде жеке-дара үстемдік орнатқысы келеді, сол үшін бір-бірімен қақтығысқа түсіп, бір-бірін қырып-жояды. Талибан – бұдан бұрынғылар болған өрттердің жаңғырығы. Мемлекеттер олармен діни тұрғыдан келісім жасай алмайды, олардың сенімдерін өзгерту мүмкін емес, олармен тек қару-жарақтың күшімен «сөйлесу» керек. Олар бір нәрсені анық біледі – өздерінен басқалардың бәрі бөтен діндегі адамдар, оларды қырып-жою керек. Бала кезден осындай тәрбие алады.

Сондықтан еліміздің алдында үлкен міндет тұр. Мемлекеттер дайын. Талибанды өз аумағында жету мүмкін емес – онда таулар бар. Америкалықтар Вьетнамды джунгли үшін жеңе алмаған болатын. Таулы жерлерде, джунглиде күрес тым ұзаққа созылады. Далалы жерде әрқашан жеңіске жету оңай.

Сондықтан біздер, далалықтар, осы Ережені білгеніміз жөн және айналамызға өте мұқият қарауымыз қажет. Дін мәселелерінде де, өзіндік мінез-құлық мәселелерінде де, тәуелсіздік, моноұлттық, көптілділік мәселелерінде де абай болғанымыз жөн. Жазық жерде тұратын адамдар өте сақ болуы керек.

Михаил БУРЕНКОВ.



ЕЛБАСЫ

Университет келешегі зор



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру мекемесінің президенті Шигео Катсуды қабылдады.

Кездесуде «Назарбаев Университетінің» 10 жыл ішінде қол жеткізген басты жетістіктері мен жоғары оқу орнын одан әрі дамыту стратегиясын жүзеге асыру барысы талқыланды. Елбасы университеттің аз уақыт ішінде жоғары білікті кәсіпқой кадр даярлайтын және отандық ғылымды дамытатын жетекші оқу орнына айналғанын атап өтті.

– Жас мемлекетімізге заманауи кадрлар қажет болды, сондықтан алдымен «Болашақ» бағдарламасын жариялады. Уақыт өте келе бакалаврларды «Назарбаев Университетінде» даярлай бастадық. Мен осы жоғары оқу орнына жиі барып, диплом тапсыру рәсіміне қатысып тұрамын. Университеттің келешегі зор. Қазір ол көптеген отандық жоғары оқу орындарына үлгі болып отыр. Осының бәрі – сіздің еңбеғіңіздің жемісі, – деді Елбасы.

DIGITAL USTAZ ALMATY

Тағылымдаманы Фин елінен өтеді



Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа оқу жылынан бастап, қаламыздың 1,5 мыңнан астам мұғалімі Digital Ustaz Almaty атты қалалық байқау аясында халықаралық сарапшылардан білім алып жатыр.

Байқауды қолға алудағы негізгі мақсат – мектептегі оқу процесінде цифрлық технологияларды еркін қолданып, кеңінен меңгеру. Сонымен, 3 кезең бойынша өтетін сынаққа өтініш білдірген 1–12-сынып мұғалімдері сала мамандарының вебинарларын тыңдап, әлемнің үздік сарапшыларының дәрістерін де тыңдайтын болады.

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұмановтың айтуынша, курс барысында педагогтер SMM және блогинг негіздерін, сандық қауіпсіздікті, инфографиканы жасауды Мұғалімдер контент-жоспарлар мен медиа материалдармен ғана шектелмей, өзара тәжірибе алмасып, вебинарларда өз кеңестерімен бөліседі.

Жалпы, бұл жоба қаламыздағы цифрлық педагогиканың дамуына серпін беріп, Алматыны білім ин-

новацияларының орталығына айналдырады деп күтілуде.

Сонымен, мұғалімнің жауапкершілігіне тағы да бір жаңа дағды қосылды. Бұдан былай, мұғалім цифрлық сауаттылықты игеріп қана қоймай, технологияларды басқару, оларды оқыту процесіне пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Бұл бағытта өткізілген шебер-кластар мен вебинарлар жаңа ақпараттың үлкен ағымын береді. Сонымен қатар, педагогтердің оқытудағы прогрессивті әдістерін дамытуға деген ұмтылысын арттырады.

Сонымен, Digital Ustaz Almaty қатысушылары арасында 100 үздік педагог іріктеліп, екінші кезеңге өтеді. Ал қараша айындағы өтетін актық сайысқа 30 мұғалім қатысып, Финляндияға тағылымдамаға баруға күш салатын болады.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып өтуде. Байқауға Алматы қаласы әкімшілігі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры, EdCrunch Academy заманауи білім беру институты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қолдау білдіріп отыр. «Алматыкітап баспасы» – Бас серіктестік танытып отыр.

МӘСЕЛЕ

ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

жатақханалармен көрікті



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Соңғы жылдары өсіп, өніп, көбейіп жатырмыз. Бұл жақсы. Білімге ұмтылған жастар қатары да артты. Бұл да жақсы. Мемлекеттік білім беру гранттары санының көбейгендігінен де болар.

Биыл барлық сала пандемия жағдайына біраз бейімделіп, қалыпты тірлігіне оралып, студенттер де дәстүрлі оқу форматымен қауышты. Иә, жыл бойы үйлерінде, ауылда қамалып отырған студенттер әсем Алматыдағы оқуларына асыға жетіп, шаһар да толып, жадырап қалғандай. Бірақ жастардың алдынан шыққан биылғы ең өзекті мәселе – жатын орны болып отыр. Ал пәтер жалдаушылардың дәурені жүріп-ақ тұр қазір. Үйді жалға беру бағасы әдеттегіден күрт өсіп, аспандап кеткен. Нақтырақ айтсақ, 2-3 есеге өскен. Ал жатақханаларда орын тапшы. Бүгінгі пандемия кезінде жатақхананың бір бөлмесіне екі адамнан артық тұрғызбайды.

Тамыз айының бел ортасына қарай баласына тұратын жер іздеген ата-ана көп болды. Қазір ақпараттық технология дамыған заманда үйден ұзамай-ақ ғаламтордан жалға тұратын баспана іздеуге әбден болады. Бірақ пәтер несінің атынан жарияланған ұсыныстар әдетте аз кездеседі. Мысалы, krisha.kz сайтының картасы арқылы секунд сайын жаңартылып отыратын хабарландыруларды көре аласыз. Одан бөлек, olx.kz сайты арқылы да табуға болады. Бірақ ондағы мүмкіндіктің бәрін екі ортадағы делдалдар жаулап алған, қызмет көрсету құны онда да ұшып тұр.

Сондықтан ел жақтан келген ағайынды студент баласымен ертіп, Алматының әйгілі «Жетім бұрышына» барған болатынбыз. Құжынаған ел. Бәрі – жалға беретін баспана іздеп сабылғандар. Бізге жолыққан пәтер иелерінің 1 бөлмелі пәтерінің жалға алу құны 95–130 мың теңге, ал 2 бөлмелі пәтер бағасы 160–180 теңге аралығында екен.

Біз Алматыға осыдан 30 жыл бұрын келген едік. «Жетім бұрыш» сол кезде бар еді. Әлі бар екен...



Шаһардың Алмалы, Бостандық және Медеу сияқты аудандарында баға тіпті ұшып тұр. Құрығанда 150 мың теңгеден басталып, екі бөлмелі пәтерлер 200–300 мыңға дейін беріледі. 20–30 мың теңге шәкіртақы алатын студенттер үшін мұның ауыр екені айтпаса да түсінікті.

Сарапшы-мамандардың пікірінше, мегаполиске бұл мезгілде келетіндер арасында тек студенттер емес, жұмыс істеуге келетін азаматтар да бар. Сондықтан пәтер жалдауға сұраныс жоғары. Пәтер иелері биыл құрылыс заттарының қымбаттағанын да алға тартып, бағаны көтеріп жіберген. Енді бұған жатақханалардағы орын тапшылығын қосыңыз.

Жалпы, кез келген оқу орнында бірінші кезекте жатақханаға 1-курс студенттері орналастырылады. Сонымен қатар, олардың әлеуметтік жағдайы, денсаулығы мен статусын анықтайтын құжаттар қабылданады. Бәрі ашық түрде, компьютердің көмегімен атқарылады.

Қазіргі таңдағы заманауи үлгідегі жатақханалар өзгеше: әр бөлмеде өзінің ас бөлмесі, әжетхана мен жуынатын жері, тіпті әр бөлмеге бір тоңазытқыштан бар. Сонымен қатар, бұрынғы жатақханада 4 адамнан тұрса, қазір 2-3 адамға лайықталған. Бұл да өз кезегінде оқудың сапасына септігін тигізері сөзсіз. Жатақханада оқу залы, демалыс бөлмесі, кір жуатын бөлме және ашық аспан астындағы спорт алаңы да бар. Бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

Иә, елде, оның ішінде Алматыда да жатақхана жетіспейтіні жасырып-жабатын мәселе емес. Ол түсінікті де. Себебі, Алматы – ежелден жастарды өзіне магнитше тартып тұратын, барлық адам тұруға, білім алуға құштар, өмірін жақсартуға ұмтылатын ару қала. Жалпы, еліміздегі университеттердің 41-і Алматыда орналасқан. Бұл білім ошақтарында өзге өңірлерден келген 100 мыңнан астам студент білім алады. Сондықтан шаһар әкімдігі жатақхана құрылысына ерекше мән беріп отыр.

Қала әкімдігінің қолдауымен атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде 6 жатақхана пайдалануға берілді. Тағы екі жатақхана салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары келер жылдың басында аяқталады. Енді 30 жатақхана құрылысы бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Студенттер үйін салуға барлығы 22 жер учаскесі анықталған. Жалпы, 16 мыңнан астам төсек-орын құру жоспарлануда.

Иә, жыл сайын қалаға ағылған білім іздеушілердің қарасы да, мемлекеттік білім беру гранттарының саны да артып келеді, жатақханаларда орын жетіспей жатқаны сондықтан. Бұл мәселе 2022 жылдың соңына дейін толығымен шешілуі тиіс.

Елбасы ұсынған «Бес әлеуметтік бастаманың» бір бағыты студент-жастардың тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Осы жоба шеңберінде 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орынды жаңа жатақханалар салынуы керек.

«Қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ақпараты бойынша, 2010–2017 жылдар аралығында Қазақстанда салынған жатақханалардағы орын саны 8827 ғана болған. Ал жоғарыда сөз болып отырған әлеуметтік жоба 2018 жылдың қарашасында қолға алынып, нәтижесінде 2018–2020 жылдар аралығында (бар-жоғы екі жыл ішінде) барлығы 11 035 орынды жатақхана пайдалануға берілген.

Бірақ әлі де жатақханалар керек. Көп керек. Жуырда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Айма-

ғамбетов: «Министрлік Елбасының үшінші әлеуметтік бастамасын іске асыру аясында студенттер жатақханаларын салу мен қайта құру қарқынын жеделдетудің жаңа тетіктерін әзірледі. Атап айтқанда, жатақханалар нысаналы құрылыс және жоғары оқу орындарының өз қаражаты есебінен, сондай-ақ мемлекеттік-жеке иелік әріптестік қағидаты бойынша салынады. Яғни инвесторлар өз қаражатына жатақхана салады, ал министрлік оларға мемлекеттік тапсырысты орналастырып, студенттің әрбір жатын орнын төлейді», – деп атап өткен болатын. Ал мұндай алгоритм студенттік жатақханалар санын едәуір арттыруға және студенттердің өмір сүру жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл орайда Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында жеке инвесторларды қосымша ынталандыру үшін мемлекеттік тапсырыс көлемін 47 АЕК-ден 92 АЕК-ге дейін ұлғайту мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырысты орналастыру мерзімін 8 жылдан 5 жылға дейін қысқарту жөнінде ұсыныс әзірленген. Жоғары оқу орындары мүмкіндіктеріне қарай өз қаражаты есебінен жатақхана салады. Кейбір оқу орындары тұрғын үй, жатақханалар мен қонақүйлерді жалға алу арқылы студенттердің тұрғын үйге деген қажеттілігін төмендетіп жатыр. Бүгінгі таңда 13 ЖОО 5 мың студенті үшін жатын орындарды жалға алды. Келесі жылы 60-қа жуық студент үйі пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.



Жер қойнауы – ұлт байлығы



Алмасбек САДЫРБАЕВ, қоғам белсендісі:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы барша Қазақстан жұртын ел келешегінің дамуына жұмылдыруға бағытталып отыр.

Осы орайда, Президент елдің әлеуметтік жағдайын көтерудегі әрбір саланың жауапкершілігін нақты дәлелдермен көрсетіп берді. Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, ұлт пен бірлік мәселесі, өнеркәсіп, білім мен денсаулық саласына қатысты нақты талаптар қойды.

Өзім ауыл шаруашылығы саласында жүргеннен кейін мені елең еткізгені – ауылдағы жайылымдық жерге қатысты елімізде көптен бері көтеріліп келе жатқан мәселе болды. Себебі, соңғы уақытта ауылшаруашылығы саласында мал жаятын жердің жетіспеушілігі қатты сезілуде. Мемлекет басшысының жайылымдық жерді тиімді пайдаланудың маңызы, қазіргі уақытта мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүргені, себебі, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған туралы баса айтты.

Біз жер көлемі бойынша әлемдегі ең үлкен мемлекеттердің біріміз деп мақтанамыз. Ал шын мәнінде, тышқақ лағымызды жаятын жер жоқ. Неге? Өйткені, «Жер туралы» заңда шикіліктер көп. Ел Президенті осы жайылымның мәселесін шешіндер деп күрделі мәселені бастап отыр. Бірақ бұл біз ойлағандай бір жылдың ішінде шешіле салатын мәселе емес. Өйткені, бұл – қайталап айтамын, 30 жыл бойы қордаланған мәселе. Мұның шешімі ұзақ және қиын болады. Сондықтан көтеріліп отырған мәселе орынды. Оны мен ғана емес, барша ауыл тұрғындары қолдайды. Бұл мәселе барлық уәкілетті органдар, жергілікті әкімшілік, қоғам белсенділері және қарапайым тұрғындар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара отырып, бүкіл қоғам болып атсалысқанда ғана шешімін табары сөзсіз. Себебі, жайылымдық жерлерді көбейту арқылы ауыл шаруашылығының дамуына дем беруге болады.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Басты мақсат – халқымыздың амандығы мен әл-ауқатын арттыру



Сабырхан СМАҒҰЛОВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялап, Қазақстанның алдағы даму стратегиясын айқындап берді.

Мемлекет басшысы пандемиядан кейінгі кезеңде елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы білім беруге, өмірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экожүйені құруға, саяси жаңғыртуға, адам құқықтарын қорғау және қоғамды нығайтуға бағытталған бірқатар бастамалар ұсынды.

Жолдаудың негізгі басымдықтарын белгілей отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев барша қазақстандықтардың амандығы мен әл-ауқатын арттыру оның Қазақстан Президенті ретіндегі басты мақсаты екенін баса айтты.

Бұл мақсатқа жету үшін Мемлекет басшысы бес негізгі бастаманы алға тартты. Бұл бастамалар, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған.

Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев ең төменгі жалақыны 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі 42,5 мыңнан 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешімін жариялады. Бұл шара миллионнан астам адамға тікелей, ал жанама түрде – барлық еңбеккерлерге әсер етеді.

Екіншіден, Президент еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойғанын ескертіп, осыған байланысты Үкіметке бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шаралар әзірлеуді тапсырды. Қызметкерлердің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.



ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ ӨРКЕНДЕТУГЕ ЖОЛ АШАДЫ



Аманкелді МҰҚАН, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты, доцент

Президент Қ.К.Тоқаев биылғы Жолдауында көптен бері айтылып, жазылып келе жатқан ғылым саласындағы өзекті мәселелерге ерекше назар аударыпты.

Ғылымды дамыту бүгінгі таңдағы аса маңызды басымдығымыздың бірі екендігіне тоқталып, осы саланың түйткілді мәселелерін шешетін бірнеше пункттен тұратын жаңалығы еліміздің ғалымдарына қарата айтылған жағымды жаңалықтары болды.

Еліміздің ғылыми-зерттеу институттарын отандық ғылымды дамытушы негізгі күш ретінде қарастыра отырып, Президент осы жылдың аяғына дейін Ғылым туралы заңнамаға өзгерістер енгізу керектігін айтады. Ол: «Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек. Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн», – дейді. «Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым» дегені осы мәселенің Мемлекет басшысының назарына бүгін ғана ілікпегенін айғақтайды.

Сонымен бірге, Президент Ғылыми зерттеу институттарының жұмысына елеулі өзгерістер енгізетін гранттық жобалардың жүзеге асырылу мерзіміне байланысты ойы да біздің көңілімізден шықты. Ол гранттық жобалардың жүзеге асырылуының 3 жылдық мерзімін 5 жылға дейін созуды тапсырды. Себебі, жобаны жүзеге асыру мерзімінің қысқалығы жобаның нәтижелі бо-

луына, іргелі жетістікке қол жеткізуіне кедергі келтіретіні жайлы мәселені әртүрлі жиындарда ғалымдарымыз көтеріп келген болатын. Бұл ойды жүзеге асыру барысында ғылыми зерттеуде болып жататын асығыстыққа жол бермеуге, қорытынды нәтиже басты назарға алынатыны көңілге қонады.

Жаңа Жолдауында Президенттің апелляция институтын құру туралы тапсырмасы да ғылыми қауымдастықты көптен бері мазалап жүрген даулы мәселелердің оң шешімін табуға септігін тигізеді. Ғылыми ортаның айлап жасалатын ғылыми жобаларына оң көзқарас, қажет кездері әдістемелік, техникалық көмек беріп қолдау көрсету, ғылыми топ пен комиссиясы арасында туындаған түсініспестік жәйттерді дер кезінде арнайы апелляциялық комиссия талқысымен шешу осы құрылатын институттың жұмысынан көрініс табады деп білеміз.

Қазіргі ғылыми-зерттеу институттарында еңбек ететін мамандардың дені – өз ісіне шын адал, ғылымға шын берілген жандар. Еңбекақының аздығы, әлеуметтік қорғайтын тетіктердің жоқтығы олардың ғылымнан қол үзіп, табысы мол басқа салаға кетуіне себеп болған жоқ. Қазақ ғылымының қара шаңырағына айналған ғылыми-зерттеу институттарында әр ғылым саласының шырақшылары жұмыстарын жалғастыруда. Сол қатарды селдіретпей, күрделі де қиын саланы талантты жастармен толықтырып отандық ғылыми-зерттеу ісін алға бастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде бізді толғандыра береді.

Президент Жолдауында ана тіліміздің жағдайына байланысты: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр дегуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар, ол – қазақ тілі. Болашағын Отанымызбен

Үшінші бастама еңбекақы төлеу қорына түсетін жүктемені азайтуға бағытталған. Мемлекет басшысы жалпы жүктеменің 34%-дан 25%-ға дейін төмендеуімен микро және шағын бизнеске жалақы қорынан бірыңғай төлем енгізуді ұсынды. Бұл шара бизнестің мыңдаған қызметкерін «көлеңкеден шығаруға» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады.

Төртіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдан 2025 жылға дейін бюджеттік сала қызметкерлері санаттарының (мәдениет мекемелерінің, мұрағаттардың, кітапханалардың және т.б. қызметкерлерінің) жалақысын жыл сайын 20%-ға арттыруды тапсырды. Бұл бастаманы жүзеге асырудың нәтижесін 600 мыңға жуық отандасымыз сезінетін болады.

Бесіншіден, Президент зейнетақы жинақтарының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын үй сатып алу үшін «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санайды. Оның пікірінше, бұл қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды әдетке айналдырады.

Мемлекет басшысы отырысқа қатысқан депутаттар алдында сөйлеген сөзінде қабылданған заң жобаларын сапалы дайындаудың маңыздылығына тоқталды. Ол «парламентарийлер әрқашан халықтың мүддесін қорғауда табанды болуы керек, олардың әрбір шешімі азаматтардың қажеттіліктері мен мемлекеттің мүмкіндіктерін ескере отырып қабылдануы керек» деп санайды.

Қазақстан Үкіметі күні кеше ғана Президенттің Қазақстан халқына Жолдауындағы қойылған міндеттерді жүзеге асырудың жалпыұлттық жоспарын қабылдады. Жалпыұлттық жоспардың жобасы қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған 7 бағыт және 5 бастама бойынша 102 іс-шарадан тұрады. Соның ішінде Президенттің жоғарыда аталған 5 бастамасын жүзеге асыру мәселесіне басым назар аударылған.

Үкімет басшысы пандемиядан кейінгі кезеңде экономиканың тұрақты және сапалы өсуін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін, мәдениет саласын, аймақтардың жан-жақты дамуы, еңбек нарығының тиімді экожүйесін қалыптастыру үшін белсенді шаралар қабылданатынын атап өтті.

байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл – отаншылдықтың басты белгісі деуге болады», – деген ойы еліміздің тәуелсіздігі жолындағы қадамымызды нықтай түседі. Бүгінгі қоғамда өткір тұрған ана тіліміздің мәртебесін көтеруге байланысты дер кезінде айтылған ой.

Сонымен бірге, Президент Жолдауындағы халқымыздың әлеуметтік хал-жайын жақсартуға, олардың әл-ауқатын арттыруға арналған бастамалар жайлы да айта кеткен орынды. Олар сөзсіз халықтың әлеуметтік жағдайын ойластырудан туындаған. Олар:

■ *Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарап, қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдауы;*

■ *Қазақстанда жалданатын жұмыс істейтін адамдардың жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шаралар әзірлеп, қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге жеңілдіктер беру, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсету;*

■ *Еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізу арқылы зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналдыру;*

■ *Бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары: мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалардың жалақысын келешекте жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруге;*

■ *Тұрғын үй бөлу де зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беруі.*

Қорыта айтқанда, биылғы Жолдауда еліміздің барлық саласы бойынша атқарылар жұмыстарының әлеуетін өркендетуге жол ашатын тетіктер қарастырылған. Оны жүзеге асыру үшін барша қазақстандықтың қойылған межелерді орындауға деген белсенді әрекеті керек деп ойлаймын.



ЖАҢА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕҢІСТІК

Қала күнінде жаңа креативті кеңістік таныстырылды

Заманауи өнер мұражайы, саябақ аймағы, креативті квартал мен балет театры бой көтеретін шығармашылық хаб қала тұрғындары мен оның қонақтарының сүйікті мекеніне айналады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала күні аясында өткен жобаның тұсаукесеріне шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қатысты. Бірегей қоғамдық кеңістік, яғни мегаполис тұрғындары үшін саябақ аймағы мен рекреация орнын құру мегаполисті «Жасыл қала» ретінде

дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес келеді. Мамандардың айтуынша, қолданыстағы жасыл қор қалпына келтіріліп, болашақта бой көтеретін саябақ абаттандырылып, ондағы аймақты көркейту үшін жасыл желек отырғызылады. Бұл жерден 1,5 шақырым радиуста әл-Фараби мен Назарбаев даңғылдарының қиылысында саябақ аймағы жоқтың қасы.



Мұражай құрылысы қарашада басталмақ

Almaty Museum of Arts заманауи өнер мұражайы осы кеңістіктегі басым бағыттардың бірі болады.

Сәулетшілердің басты мақсаты – әртүрлі өнер көрмелері үшін кеңістік құру және Алматының жаңа архитектуралық көрікті жерін құру болатын. Жоба бойынша мұражай таулар мен қаланы бейнелейтін L-тәрізді екі қиылысатын ғимараттан тұрады. Яғни ішкі жабық кеңістік құрылады. Ол кеңістік Н.Назарбаев даңғылынан мұражайға негізгі кіреберіс пен жаңа балет театрының кіреберісі арасындағы байланысты қалыптастырады. Тау шатқалына ұқсайтын бұл кеңістік мұражайдың негізгі «құрғамыры» болады.

Жалпы ауданы 10 мың шаршы метрден асатын ғимаратта уақытша және тұрақты экспозицияларға арналған залдар, кітапхана, театр қойылымдары мен концерттерге арналған алаң, балалар мен ересектерге арналған білім беру бағдарламаларын өткізуге арналған залдар, кафе, мейрамхана, дәрісханалар мен өнер туындыларының кәсіби қоймасы орналасады.

Көрме залдары әлемдік музейлердің барлық талаптарына сай болады. Бұл Алматыда олардың көрмелерін қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, уақытша көрмелер залының ауданы 1000 шаршы

метрге, ал төбесінің биіктігі 12 метрге тең болады. Бұл монументалды экспонаттар қоюға мүмкіндік береді.

Меценат Нұрлан Смағұлов қаржыландыратын мұражайдың құрылысы 2021 жылдың қараша айында басталады. Ал оның ашылуы 2023 жылға жоспарланған. Мұражай экспозициясының негізін XX ғасырдағы қазақстандық және әлемдік өнер туындыларын меценаттың жеке коллекциясынан алады.

«Біз көпшілік қауымға Орталық Азия, халықаралық суретшілердің жұмыстарымен танысуға және заманауи өнерді насихаттауға мүмкіндік беретін мұражай саламыз. Бақытжан Сағынтаевқа, әкімдікке қолдау көрсеткені үшін алғыс айтқым келеді», – деді Н.Смағұлов.

Заманауи өнер мұражайы және саябақ аймағымен қатар креативті индустрияны дамыту бойынша жобалар іске асырылатын креативті кварталға шығу көзделген. Мұнда арт-галереяларға, fashion-бюролар, колөнершілердің маркетплейстеріне, шеберлік-сыныбын өткізу орындарына, креативті индустриялардың өнімдері мен қызметтерін ілгерілетуге арналған іс-шараларға және басқа да креативті кеңістіктерге арналған резиденциялар орналасады.

Алматы динамикалық бағытта дамып келеді

Таныстырылымға танымал сәулетшілер мен дизайнерлер, өнертанушылар мен мәдениет қайраткерлері қатысты. Олардың қатарында мұражай кураторы, өнертанушы Меруерт Қалиева, сәулетші, дизайнер Жанна Спонер, «Еуразиялық мәдени альянстың» кураторы Ольга Веселова, сәулетші, Urban Forum Kazakhstan негізін қалаушы Әсел Есжанова, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының кураторы Екатерина Резникова, блогер Бейбіт Әлібеков, сәулетші Нұрлан Камитов, ландшафтық сәулетші Нелли Лаптева, ландшафтық сәулетші Татьяна Антоненко, сондай-ақ креативті индустриялар мен шығармашылық кәсіпкерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

Сәулетші, Urban Forum Kazakhstan негізін қалаушы Әсел Есжанова мегаполистің үйлесімді дамуының маңызды компоненті ретінде жобаның экологиялық тиімділігін атап өтті.

«Біз бүкіл Қазақстан бойынша жобалармен айналысамыз. Алматы – біздің сүйікті қаламыз. Бұл мегаполиске қажет заманауи өнердің жақсы жобасы. Мұнда құрылыс процесінде жоғары экологиялық стандарттар қолданылатын болады. Ал бұл өте маңызды. Экологиялық трендтер қолға алынды. Бұл керемет. Жаяу жүргіншілер жолы бар, жасыл аймақтар Ботаника бағымен және Тұңғыш Президент саябағымен үйлесім тапқан, жасыл белдеудің ауқымы сақталған», – деп өз пікірімен бөлісті Ә.Есжанова.

«Еуразиялық мәдени альянстың» кураторы Ольга Веселова жаңа шығармашылық кеңістікке қатысты пікірін білдірді.

«Біз де жаңа заманауи өнер мұражайының және оның Алматыдағы лайықты орында болатынына өте қуаныштымын. Біз Орта Азиядағы осындай жобаны жасаған алғашқылардың бірі боламыз. Қазіргі заманғы өнермен айналысатын көркем қоғамдастықтың атынан қала мен меценаттарға жоба үшін үлкен ризашылығымды білдіремін», – деп атап өтті О.Веселова.


Қазақстанның көгалдандыру қауымдастығының президенті Татьяна Антоненко шығармашылық квартал паркінің жобасын әзірлеуге және оны сарапшы ретінде іске асыру ісіне қатысуға дайын екендігін білдірді.

«Мен барлығыңызды Алматы қаласының күнімен құттықтаймын және ландшафт қауымдастығының өкілі ретінде мен сауатты пейзаждар жасау үшін дизайнерлік кезеңде сарапшылар қауымдастығын құруға назар аударғым келеді», – деді Т.Антоненко.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, суретші Байтұрсын Уморбеков қала динамикалық түрде дамып, өсіп келе жатқандықтан жобаның өте қажет екенін атап өтті.

«Мен суретшілерге арналған осындай мерекенің Алматы қаласының күні ұйымдастырылғанына өте қуаныштымын. Қала өсуде және дамуда. Оған жаңа шығармашылық кеңістіктер қажет. Бүгін мен Алматыда алаңдардың қалай қалпына келтірілгенін көрдім. Абай атындағы ҚҰОБТ жанында және Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы жанында субұрқақтар ашылып жатыр. Яғни қала тарихы қалпына келтіріліп, сақталуда. Сонымен бірге, қалада саябақтар мен шығармашылық аудандар құрылуда. Шығармашылық бағытты дамыту үшін қалаға осындай серпінді жобалар қажет. Бұл мұнда тұратын шығармашылық адамдардың үлкен күші. Олардың аға буын әртістерін ұмытпайтыны және бейнелеу өнері саласындағы жас ұрпаққа жол беруі қуантады», – деп пікірімен бөлісті Б.Уморбеков.

Айта кетейік, Алматыда бірқатар креативті кеңістіктер салынууда. Almaty Creative стратегиясын іске асыру аясында 2020 жылдың желтоқсан айында Алатау ауданында Alatau Creative Hub ашылды. Хабта коворкинг-кеңістік, балаларға арналған 25 тегін шығармашылық үйірме, шеберлік сабақтарына арналған алаң бар. Жыл басынан бері келушілердің жалпы саны 100 мыңнан астам адамды құрады. Medeu Creative Hub музыкалық өнерге баса назар аудара отырып, жастар орталығын ашу жоспарлануда. Креативті индустриялар жобаларын іске асыру үшін алаң құрылатын DEPO Evolution Park құрылысы жалғасуда.





«ҮЗДІК АУЛА»

жеңімпаздары марапатталды

БАЙҚАУ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала күнінде Бақытжан Сағынтаев аулаларды көгалдандыру бойынша байқау жеңімпаздарын құттықтады.

Алматы қаласының күнінде аула аумағын үздік көгалдандыру байқауының қорытындысы шығарылды. Қазылар алқасы үздік үш жеңімпазды және Гран-при иегерін анықтады. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жеңімпаздарды құттықтап, байқаудың негізгі мақсаты – аулаларды көгалдандыруда жаңа шешімдер табу, қала тұрғындарының белсенділігі мен шығармашылығын ынталандыру екенін еске салды. Аула аумағын ең жақсы абаттандыруға арналған байқау тұрғындарды аудандарда жасыл аумақтар құруға қатысуға ынталандырды. Сонымен қатар, мұндай байқаулар жас ұрпақтың экологиялық тәрбиесіне оң әсер ететінін атап өтті.

Қазылар алқасына 324 аула ұсынылған, олардың 85-і тандап алынды. Сарапшылар көгалдандыру идеялары соншалықты әдемі және ерекше болғандықтан, жеңімпаздарды тандау оңайға соқпағанын айтады. Гран-при жеңімпазын анықтау үшін Қоғамдық кеңес мүшелерінен, ландшафтық сәулетшілерден, қоғамдық ұйымдардың басшыларынан қазылар алқасы құрылды. Ал 1–3-орындар үшін жеңімпаздар электронды дауыс беру арқылы анықталды. Еске салсақ, байқау туралы ақпарат тамыз айының соңында жарияланды, ал өтінімдерді қабылдау 3 қыркүйекте басталды. Материалдық қорды, ауланы көгалдандыруға қажет заттарды, өсімдіктерді сатып алу үшін бөлінетін бас жұлде 5 миллион теңгені Түркісіб ауданындағы Монтажная көшесі, 15 мекенжайындағы ауланың тұрғындары жеңіп алды.

Қазылар алқасының мүшесі, ландшафт сәулетшісі Гүлзада Қалдыбаева алматылықтардың аулаларын жақсартуға деген жоғары ұмтылысына ерекше тоқталды:

– Біздің тұрғындар өздерін үлгі ретінде көрсетіп, өз қолыңызбен жасау арқылы жайлы жағдайда өмір сүре алатыныңызды көрсетеді. Әріптестерімізбен бірге біз көшеттердің санын ғана емес, сонымен қатар, арамшөптерден арылуды да бағаладық, суаруға, көгалдардың жағдайына, кіші архитектуралық пішіндердің болуына назар аудардық, – деді Г.Қалдыбаева.

Алматыда 4183 аула бар. Өткен жылдары 3 мыңға жуық аула жөнделді. Шамамен, 550 аула жаңа көп-пәтерлі тұрғын үйлердің аумағына немесе апатты үйлерге жатады, сондықтан оларды жөндеу мүмкін емес. Ағымдағы жылы «Бюджетке қатысу» жобасы аясында 536 ауланы жаңарту жоспарлануда.



СӘУЛЕ,
қала тұрғыны:

– Ауладағы көріштілердің бәрімен тату-тәтті тұрамыз. Соның арқасында, міне, бүгін «Үздік аула–2021» жеңімпазы атандық. Бірақ ауламызды жеңімпаз атану үшін көгалдандырмадық, көріштілерімізбен жайлы тұру үшін, тазалық үшін осылай ауламызды сәндедік. Қала күнінде біз үшін үлкен сыйлық болды. Алматы тұрғындарын аулаларын күтіп-баптауға, таза ұстауға шақырамын, – дейді үздік аула тұрғыны Сәуле.



Яна
ЧИСТИЛИНА,
«Аула аумағын көгалдандыру–2021»
байқауының жеңімпазы:

– Біз «Үздік аула» байқауынан оза шауып, 5 млн. теңгелік сертификатқа ие болдық. Бұның бәрі көріштілердің достығының, ауызбіршілігінің, қолдауының, еңбегінің арқасында деп білемін. Бүгін біз үшін шын мәнінде, үлкен мереке. Біріншіден – Қала күні. Екіншіден – жеңісімізді тойлайтын күн. Сондықтан барлық алматылықты мерекелерімен құттықтаймын! Армандарыңызды орындаудан қорықпаңыздар деп айтқым келеді. Жалпы, біз ауланы жеңіс үшін көгалдандырып жатқанымыз, бұл бұрыннан келе жатқан дәстүр. Біздің тұрғындар өте тату, олар өздері тұратын қаласын жақсы көреді. Алматы күніндегі бұл жұлде біз үшін үлкен сыйлық. Мен Алматы тұрғындарына аулаларды күтіп-баптауға, оларға қамқорлық жасауға, бастама-шылықты танытуға шақырамын, – деді Я.Чистилина.



РУХАНИЯТ



АУҚЫМДЫ АБАТТАНДЫРУ

Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының жанындағы сквер мен субұрқақ жаңартылды

Қала күні қарсаңында баға жетпес өнер туындыларының алтын қорын жасақтап отырған Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының жанындағы сквер мен субұрқақ жаңартылды.

Өткен ғасырдың 70-жылдары салынған мұражай алдындағы сквер мен субұрқақ алғаш рет реставрацияланды. Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев мұражайдың іргелес аумағындағы абаттандыру жұмысын көріп қайтты. «Алдағы уақытта бұл жер тұрғындардың сүйікті мекеніне айналары сөзсіз» дейді мұражай қызметкерлері.

«Бүгін біз үшін маңызды оқиға. Бұл – тек мұражай қызметкеріне ғана емес, барша тұрғындар үшін жағымды жаңалық. Алматы қаласының әкімдігі Қала күніне орай мұражайдың айналасында абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Субұрқақты сәндеп, адам жүретін жолдарды қайта қалпына келтірді. Қарап отырсақ, бәрі заманауи бағытта жасалған. Ағаштарды жапондық үлгіде сәндеп, айналасына киыршық тастар төгілген. Не дегенмен, халықтың рухани азығы мұражайда екендігі баршамызға аян, оның ішкі де сыртқы көрінісі көздің жауын алуы қажет. Сонда ғана көрермендерді тамсандырып,

келуге деген құштарлығын арттырамыз деген анық. Ендігі уақытта қала тұрғындары, қонақтары аламызда демалып, көрмеге бас сұға кетеді деген сенімдеміз», – дейді Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы директорының орынбасары Алтынжан Қожамұратова.

Жөндеу жұмысы тарихи қалыптасқан ландшафты көгалдандыру жобасына жана тәсілдерді енгізу арқылы заманауи рекреациялық аймақпен толықтырылды. Серуендеу аймағында кедергісіз орта жасалды. Субұрқақтың сорғы жүйесінің жұмыс принципі

сарқырамамен ауыстырылып, түнгі уақытта бұл аумаққа жарық жүйесі жүргізілді. Жалпы, мұражайға іргелес бүкіл аумақ өзгерді. Бүгінде бұл жерде заманауи алаңы мен демалыс аймағы бар, шағын сәулеттік формалар мен орындықтар қойылды. 2,5 мың шаршы метр аумақ абаттандырылып, скверде заманауи жарық жүйесі орнатылды, яғни 15 прожектор қойылды. Мұражайдың айналасындағы өзгерістерді көріп, көңілі толған суретшінің қызы Гүлдария Қастеева да өз қуанышымен бөлісті.

«Мен өзім суретші емеспін, алайда, әкемнің атына берілген мұражайдың алаңы абаттандырылып, әдемі қалыпқа енгені көңілімнен шықты. Жаңадан жасалған субұрқақтар, скверлер мұражайдың көркін ашып, келген адамдарды сүйсіндірде. Осынау іс-шараны қолға алып, жөндеу жұмыстарын жүргізген Алматы қаласының әкімдігіне және қала әкімі Бақытжан Сағынтаевқа айтар алғысым шексіз. Пандемияға байланысты карантиндік талаптар күшейтіліп, халық рухани дүниелерден мақұрым қалды. Енді бұл талаптар жеңілдеп, осынау әсем аулада демалып, жас суретшілердің туындыларына назарымызды салып, көңіліміз

тынышталады деген үміттеміз», – дейді Әбілхан Қастеевтің қызы Гүлдария Қастеева.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты, экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі Алтынай Көбеева көркейтудің жаңа нысандарын ашу әрқашан жағымды деп санайды.

«Біз, яғни алматылықтар, Қала күнінде керемет сыйлыққа ие болдық. Ауқымды абаттандырудан кейін мұражай аумағы өзгеріп, жаңа келбетке енді. Жасыл желекке оранған бұл жерде уақытымызды жайлы өткізуге болады деп ойлаймын», – деді А.Көбеева.

Сонымен қатар, Қала күні қарсаңында Алматы қаласының әкімдігі, Суретшілер одағының қолдауымен «Жас суретшілер» ұйымының мүшелері Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының айналасында көшпелі көрме ұйымдастырды.

«Жас суретшілер қаламыздың көрікті жерлерін бейнелеуде. Қарап отырсаңыз, қылқалам шеберлерінің басым көпшілігі – Тәуелсіздіктің құрдастары, яғни 1991 жылы дүниеге келген жастар. Танмен таласа суретімізді бастаған едік, енді, міне, аяқтауға шақ қалдық. Ашық аспан астында ұйымдастырылған көрме қыркүйек айының 28-іне дейін жалғасады. Әр суретші кем дегенде 8 туындысын аяқтап, каталог жасайды. Кейіннен оны мұражайларға табыстаймыз. Көрмені ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – қала тұрғындарына көркем туындыларымызды көрсету, жұмыс барысын таныстыру», – дейді жас суретші Әбдірахман Тұрғын.

Еске салсақ, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы еліміздің ең ірі көркемсурет мұражайы әрі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу мен мәдени-ағарту орталығы. Мұражайдың аса бай қорындағы 22500-ден астам кескіндеме, графика, сәулет және Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның, Американың, Шығыс елдері халықтарының қолданбалы өнерінің баға жетпес жұмыстары мұражайдың негізгі қорындағы туындылары болып табылады.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ЛЕБІЗ



Мұрат ҚҰСАЙЫНОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
«Дос-Мұқасан»
ансамблінің әншісі:

Алматыны ешбір қалаға теңей алмаймын

– Қала күнінде қала үшін, тұрғындар үшін жаңа саябақтар мен субұрқақтар ашылды. Бұл – шаһар игілігі үшін өте жақсы бастама. Біздің жас кезімізден осы опера театрының жанындағы саябақ өте көп естеліктерге толы. Өнер адамдарымен, қаладағы әншілермен бірге саябаққа жиі келіп демалатынбыз. Қабанбай батыр көшесінің бойында орналасқан саябақ біз үшін ыстық. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев субұрқақтың ашылуы кезінде болашақта қаланың көркеюі үшін істеліп жатқан жұмыстарды айтып, соған біз тәнті болдық.

Қала күні құтты болсын! Алматы мен үшін – алтын ұя. Менің туып-өскен жерім. Алматымен мені өте көп нәрсе байланыстырады. Алматыда «Дос-Мұқасан» құрылды, шаңырақ көтеріп, 3 балам да осы шаһарда дүниеге келді. Қазір немерелерім де осы қалада өсіп-жетілуде. Осы жасқа дейін әлемдегі бірнеше елдімекендерді аралаған адаммын. Бірақ Алматыны ешбір қалаға теңей алмаймын. Қала әкімі өз сөзінде: «шаһардың бұрынғы келбетін мүмкіндігінше сақтап қалуға тырысамыз» деді. Осы сөзі маған қатты ұнады.

Дайындаған
Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

САЯБАҚ

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ ДЕМАЛУҒА БОЛАДЫ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала күнімен орайластырылған игілікті шараның бірі – отбасылық демалыс саябағының ашылуы болды. Мұнда тек ауданның ғана емес, барлық қала тұрғындары да серуендеп, демала алады, спортпен шұғылданады. Саябақта 44 аттракцион мен 4 фудкорт болады.

Демалыс орнының негізгі идеясы – көркем табиғи ландшафтты заманауи ойын-сауық технологияларымен үйлестіру. Онда балалар мен ересектер үшін демалыс пен ойын-сауық біріктіріледі. Өртүрлі шеберлік сыныптары, отбасылық жарыстар, таза ауада аниматорлардың қатысуымен белсенді ойындар өткізіледі.

Саябақ аумағында 500-ге жуық ағаш отырғызылады. Осы жобаны іске асыруда қала тұрғындарын қызықтыратын, алматылықтар үшін жаңа үлкен демалыс және ойын-сауық паркі Alem Park – отбасылық демалыс орны салынады.

Мирас НЫСАНАЛИЕВ,
Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары:

– Бұл саябақ 4,5 гектарды құрайды. Саябақты қолданысқа беру мерзімі келесі жылы 1 мамырға дейін жоспарланған. Бұл жерде 44 түрлі аттракцион мен балаларға арналған ойын алаңдары, субұрқақтар, кішігірім фудкортты, тек жазда ғана емес, қыста та да жұмысын тоқтатпайтын арнайы орындары болады. Бұл аудандық орталық саябақ болып саналады. Алматы – үлкен мегаполис болғаннан кейін басқа да көрші аудандардан қала тұрғындары келіп, саябақта серуендеп жатады.

Мысалы, Қаскелең қаласы, Қарасай ауданынан да тұрғындар келіп тұрады. Болашақта Абай даңғылы ашылғаннан кейін бұл саябақ халыққа өте ыңғайлы демалатын орталыққа айналады деуге болады. Тіпті, кешқұрым уақытта баскетбол ойнайтын спорттық алаңда балалар толып қалады. Жалпы, мұндай демалатын орындар аудан бойынша салынып жатыр. Мысалы, тек 2 жыл ішінде 87 балалар спорттық алаңдары салынды. Сондай-ақ, әкімдік ғимаратының жақтауынан оқушыларға арналған өнер-білім ғимаратының іргетасы бой көтермек, – деді аудан әкімінің орынбасары.



Асима АСЫЛБЕК,
Наурызбай ауданының тұрғыны:

– Наурызбай ауданы – өте жас аудан. Күннен-күнге көркейіп, гүлденіп келеді. Жаңа мектептер, мектеп аулаларында балаларға арналған ойын алаңдары салынған. Балаларға барлық жағдай жасалған деуге болады. Енді, міне, аудан орталығынан тұрғындарға арнап үлкен саябақ ашылып, қолданысқа беріліп жатыр. Кешке қарай балаларымызбен бір мезгіл жүріп, демалып қайту үшін таптырмайтын орын деп ойлаймыз.

Оның үстіне, балаларға арналған неше түрлі аттракциондар бар екен. Қала күніне орай тұрғындарға осындай қуаныш сыйлап жатқандарыңыз үшін балаларымыздың атынан, ата-аналардың атынан алғысымызды білдіреміз, – деді тұрғын.



ТЕННИС



Рыбакинананьң рекорды

Әйелдердің теннис қауымдастығы (WTA) рейтингінде Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина 16-орынға көтерілді. Бұл – біздің теннисшілердің жаңа рекорды. Қазір Рыбакина еншісінде 3068 ұпай бар.

Бұған дейінгі ең жоғары орын Ярослава Шведоваға тиесілі еді. Ол 2012 жылдың 29 қазанында WTA рейтингінде 25-орынға шықты. 2020 жылдың 29 қаңтарында Рыбакина осы көрсеткішті қайталады, арада бір ай өткенде (24

ақпан) 17-орынға табан тіреді. Енді, міне, тағы алға қадам жасап, отандық рекорд иесі атанып отыр.

Биыл Рыбакина олимпиадада сәтті өнер көрсетіп, үздік төрттікке енді. Ал жақында аяқталған US Open турнирінде үшінші айналымға жетті.

WTA рейтингінде қазір Эшли Барти (Австралия, 10075 ұпай) көш бастап тұр. Арина Соболенко (Беларусь, 7720) – екінші, Каролина Плишкова (Чехия, 5315) үшінші орында келеді.

ВЕЛОЖАРЫС

Үздік отыздан сырттамыз

Бельгияда велоспорттан әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Велошабандоздар жарыстың алғашқы күнінде ерлер арасында жекелей сында мықтыны анықтады. Кнокке-Хейс қаласынан Брюггеге дейінгі 43,3 шақырым қашықтықты италиялық Филиппо Ганна үздік көрсеткішпен жүріп өтсе, бельгиялықтар Ваут ван Арт – күміс, Ремко Евенепул – қола жүлдегер атанды.

Қазақстан сапынан бұл санат бойынша Дмитрий Груздев пен Даниил Фоми-

ных қатысып, 31-ші және 36-шы орындардан көрінді. Айта кетер жайт, 2020 жылғы әлемдік додада да Ганна мен ван Арт алғашқы екі орынды бөліскен еді.

Топтық жарысқа Фоминых, Груздев, Евгений Гидич және Юрий Натаров қатысады деп жоспарлануда. Топтық сын Антверпен және Левен қалалары арасын жалғайды. Жарыс қашықтығы – 263,3 шақырым. 2020 жылы бұл сында қазақстандықтар арасынан Вадим Пронский жақсы нәтиже көрсетті (49-орын).



ФУТЗАЛ

Жолда Тайланд жолықты

Футзалдан Қазақстан құрамасы әлем чемпионатының плей-офф кезеңіне жолдама алды. Екінші турда отандастарымыз Литва құрамасын 3:0 есебімен жеңсе (Тайнан, 1, Тұрсағұлов, 30, Ақбалықов, 36), соңғы турда Венесуэламен ұпай бөлісті. Дугластың 5 минутта соққан добына оңтүстік америкалықтар ойын аяқталуға 11 секунд қалғанда Видальдің дәл соққысымен қарымта қайтарды.

Дегенмен, бұл нәтиже қазақстандықтардың топ бастауына кедергі келтірген жоқ. Кака

шәкірттері 3 ойында 7 ұпай жинап, плей-офф кезеңіне бірінші орынмен шықты. А тобында Венесуэла – екінші, Коста-Рика – үшінші, алаң иелері Литва құрамасы соңғы орын алды. Бұл топтан Қазақстанмен бірге Венесуэла 1/8 финалға шықты.

Отандастарымыз енді 23 қыркүйек күні Каунас қаласындағы «Жальгирис-Арена» кешенінде Тайланд құрамасымен кездеседі. Тайландтықтар С тобында Португалиядан жеңіліп (1:4), Мароккомен тең ойнап

(1:1), соңғы турда Соломон аралдарын ұтты (9:4).

Әзірше 1/8 финалға шыққан 10 құрама белгілі. Оның ішінде Ресей футбол одағы – Вьетнам, Венесуэла–Марокко, Қазақстан–Тайланд жұптары анықталды. Басқа жұптар енді нақтыланады.

Тайланд құрамасын жеңсе, Қазақстан құрамасы Өзбекстан–Аргентина/Иран жұбының жеңімпазымен кездеседі.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.

ФУТБОЛ

БЕРДЫЕВ: ШАБУЫЛҒА ШЫРАЙ КЕРЕК

21 тур. 18-19 қыркүйек
«Қайрат» – «Қызылжар» – 1:0 (Шушеначев, 77).

«Қайрат» командасы Құрбан Бердыевтың үшінші матчында жеңіске жетті. Алматылықтар «Қызылжарды» ұтты, Артур Шушеначев маусымдағы 10-голын енгізді. Бұл кездеде бапкер Бердыев Камо Оганесян, Вагнер Лав, Денис Поляков сияқты негізгі құрам ойыншыларын сәл демалдырып, аралас құрам шығарды. Әрине, аралас деген де шартты нәрсе, әйтпесе Ян Вороговский, Гүлжігіт Алықұлов, Хосе Канте сияқты сақа спортшыларды қосалқы құрам футболшылары дей алмаспыз. Өткен турда «Ордабасыдан» жеңіліп қайтқан соң «Қайрат» чемпиондықтан үміт үзгендей болды. Әрине, алға кеткен «Астана» мен «Тобылды» теориялық тұрғыда қуып жетуге болады. Бірақ Қ.Бердыев енді Конференция лигасына көбірек көңіл бөлетінін айтып қалды.

«Қызылжарға» қарсы ойында да Бердыев орталық қорғаушылар үштігіне жүгінді. Енді «Қайрат» осы тактиканы ұстанатыны анық белгілі. Бердыевтің өзі: «Қорғанысқа көңілім толды, олар талап еткен нәрсені жақсы



орындай бастады. Ал шабуылдың аяқталу кезеңі көңілімнен шықпайды. Соған қарағанда, әлі нені қалайтынымды командаға дұрыс сіңіре алмай жатқан сияқтымын», – деді.

21 турда «Астана» «Ақтөбені» 2:1 есебімен жеңіп, көш бастады. «Тобыл» сырт алаңда «Тараз» қақпасының кілтін таба алмай, ұпай бөлісті. Кейінгі бес

турда чемпиондық үшін егес астаналықтар мен қостанайлықтар арасында өрбіп жатса да, күтпеген жерден «Қайрат» киліксе де тандана қоймаспыз. Өйткені, басқа командалардың негізгі міндеті – төрттікке ену немесе премьер-лигада жан сақтау.

«Қайрат» келесі турда сырт алаңда «Шахтермен» кездеседі.

КӘСІПҚОЙ БОКС



Қарсылас белгісіз, дайындық жақсы

Орта салмақта IBF белбеуінің иегері қазақстандық Геннадий Головкин келесі кездесуін желтоқсан айында өткізеді. Бұл туралы Sportarena.com порталы хабарлады.

Промоутер Том Леффердің айтуынша, Головкиннің қарсыласы әзірше белгісіз. Ал оның Сауль Альвареспен үшінші кездесуі 2022 жылы өтуі мүмкін.

«Қазір Головкин Лос-Анжелес қаласында жаттығып жатыр. Шаршы алаңға жылдың соңында оралуға ниетті. Әлі ешқандай келісім-шарт жасалмады. Бірақ жылдың соңында ол шаршы алаңға шыққысы келеді», – деді Леффер.

«Альварестің DAZN платформасымен келісім-шарты бар кезде қарсыласы Головкин болуы керек еді. Алайда, 2019 жылы бұл кездесу өтпей қалды. Мұнда Головкиннің кінәсі жоқ. Олардың кездесуі енді 2022 жылы өтетін шығар», – деді промоутер.

Головкиннің қарсыласы орта салмақта WBA (Regular) белбеуінің иегері жапониялық Риота Мурата кездесуі мүмкін екені бірнеше рет айтылған еді. Бірақ ақпарат әлі расталған жоқ. Күн өткен сайын мұндай ірі бәсекенің өткізілу мүмкіндігі азайып бара жатқаны да сөзсіз.

ТРИАТЛОН

Қонысбаев – Азия чемпионы

Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында триатлон спринттен өткен Азия чемпионатында Қазақстан командасы сәтті өнер көрсетті. Бұл туралы Olympic.kz хабарлады.

Әйелдер арасындағы сында қазақстандық Екатерина Шабалина күміс жүлдегер атанды. Ол бұған дейін олимпиялық қашықтық бойынша Азия чемпионатындағы үздік алтылыққа енген еді. Ал спринттен біріншіліктің алтын және қола жүлдесін жапониялық Сарика Накаяма мен Чисато Накаджима иеленді.



«Жеңіс тұғырынан көрінгенім үшін қатты қуаныштымын. Бұл – менің алғашқы жеңістерімнің бірі. Соңына дейін барымды салдым. Маған жол көрсеткен бапкерлеріме рахмет», – дейді Екатерина Шабалина. Ал отандастарымыз Надежда Бекмағанбетова жарысты – төртінші, Юлия Озерова – сегізінші орынмен аяқтады.

Ерлер арасындағы бәсекеде екі қазақстандық спортшы тұғыр биігіне көтерілді. Команда үздігі Дарын Қонысбаев Азия чемпионы атанса, Аян Бейсенбаев қола жүлде олжалады. Қос қазақтың ортасына жапон Киотаро Йошикава сыналап енді.

«Бұл – менің Азия чемпионатындағы алғашқы жеңісім. Жарыс жоспар бойынша өтті. Жүзуден нәтижем жақсы болған жоқ. Дегенмен, веложарыс кезінде қарсыластарымды қуып жеттім. Ал жүгіру басталғанда өзімнің үздік үштікке енетінімді сездім. Шыны керек, басқа қарсыластарыма қарағанда маған жарыстың жеңіл өтіп жатқанын байқадым. Жеңісім үшін қуаныштымын», – дейді Дарын Қонысбаев.





МӘСЕЛЕ

Соңғы кездері елімізде мешіттер көбейіп келеді. Әрине, мешіттердің көбеюі – қуанарлық үрдіс. Алайда, осы мешіттердің көбеюімен қатар, оларды салған еліміздегі белгілі лауазымды ше-неуниктер мен кәсіпкерлердің жақын-туыстарының есімдерін беру де үрдіске айналды. Діни ғимараттарға кісі атын беру мәселесіне қатысты арнаулы заң жоқ. Сондай-ақ, ономастикалық комиссияның жер-су және елді мекен атаулары туралы тұжырымдамасында да бұл жағдайлар мүлде қарастырылмаған. Қоғамда «мешіт атауы ел мен жер тарихына байланысты, жергілікті жердің атауымен болғаны дұрыс» деген де пікір бар. Біз бүгін осы тақырыпты қозғағанды жөн санадық.



рек сияқты. Мұны жоғарыда отырған ше-неуниктер ескеретін шығар деп сенеміз...

Халықтың да имандылыққа көбірек көңіл бөлуі – жақсылықтың нышаны. Алайда, мешіттердің салынуы ел ішінде бәсекелестік тудырмаса екен. Кәсіпкерлер мешіт құрылысына қаржы салып, оны өз ата-бабаларының атымен атап жатқан жағдайлар бар. Әрине, қазіргі заманда өз қалтасынан шығарып, қаржы салғаннан кейін оны қалай атаса да, өз еркі болып барады. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, өзі барлық мәселеге мұрындық болған соң қалай атауы да өз еркіндегі дүние болуда. Ономастикалық комиссияның да бұл салаға араласуға тікелей қақысы жоқ.

Бұл – мемлекет тарапынан қадағаланатын мәселе. Ислам дінінде де «оң қолын берген нәрсені сол қолың білмесін» деп жа-тады ғой. Ендеше, мешітті салуға қаржы күйған кәсіпкердің туысқанының атын мешітке бермей-ақ, мешіттің қабырғасына



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мешітті атақ үшін
салуға болмайды

Құдайға шүкір, қазір мешіт салуға ынта-лы қалталы кәсіпкерлер көбейді. Әрине, құптарлық та, қолдауға лайық та жайт. Дегенмен, олардың арасында мешіт салуды о дүниелік сауап үшін емес, осы дү-нидегі атақ-даңқы мен мәртебесі үшін ғана қолға алып жат-са ше? Онда не дер едіңіз?

Ал бой көтерген мешіттер кісі мойнынан желінген арам ақша ма, әлде таза еңбекпен келген адал ақша ма – ол жағын тексеріп отырған тағы да ешкім жоқ.

Бүгінде Алла үйіне адам атын беру де әдетке айналып бара жатқандай. Мешітті салдырған азаматтарымыз оған өз ата-бабасының, не әкесінің, тіпті руының атын бергісі келеді. Сол тұлғаның дінімізге, елімізге сіңірген еңбегі қаншалық? Ол жағы ескеріле бермейді. Әлбетте, мен тұрғыздым екен деп белден басып, әкесінің атын беруге болмайды. Кім де болса шын сауап үшін, халқы үшін мешіт салған болса, атасының атын бұлдамас болар. Онсыз да жеке қаржыға салынған мешіт жөніндегі әңгіме елден елге тез-ақ тарайды емес пе? Осы арқылы сол мешітті салдырған адамның әкесінің аты аталады, «жақсы адам екен, жақсы ұл өсірген, тәрбиелеген екен» дейді. Осының өзі қаншалықты сауап? Ал атақ керек болса, сауап арқылы атақ та келеді. Бірақ біздің кейбір қалта-лылар осыны түсіне бермейтін сияқты.

Діни араздық пен алауыздыққа
себепкер болмауы керек

«Жалпы, ислам заңы бойынша, кісі атын мешітке беру – қолданыста бар нәрсе. Шарият оған қарсы келмейді. Бұл –

барлық мұсылман елдеріне ортақ дүние. Алайда, мешіт атауы діни араздық пен алауыздықтың тууына себепкер болмауы керек. Сондықтан діни басқарма алқасының мүшелері еліміздің қай аймағында болсын ашылған мешітке қандай ат беруге болатынын шешіп отырады. Ең біріншіден, мешітке Алланың 99 атының бірін қоюға немесе дін ғұламаларының атын, жергілікті имамдардың (онда да сол ауданның зиялысы болса ғана) атын беруге болады. Екіншіден, ислам репрессия, соғыс кездерінде дін жолында шейіт болған тұлғалардың есімін Алла үйіне беруге қарсы емес. Сондай-ақ, елге еңбегі сіңген, өмірі тақуалықпен өткен қадірлі жандардың есімін де мешітке берсе ағаттық болмайды. Алайда, өмірі күмәнді, күнәсі көп жандардың атын мешітке беру дұрыс емес. Осыны көптеген қалталы кәсіпкерлер түсінсе екен дейміз», – дейді ұзақ жыл ҚР Діни басқармасының баспасөз хатшысы болған Оңғар қажы Өмірбек.

Мемлекет тарапынан
қадағаланатын мәселе

Дегенмен, ислам шартына да, діни басқарманың талапта-рына да бағынбай жүрген мешіт салушылардың бар екені рас. Олардың дені мешітті тек өз қалауындағы адам есімі бері-летін болса ғана салуға бар. Ең екіншісі де сол, олардың немен айналысып, дінді қалай уағыздап отырғанын Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы еш қадағалай алмайды. Оған құзырлары жоқ. Осыған қатысты қатаң заң қолдану ке-

есекткіш-тақта орнатып, ата-бабасының атын жаздырып, «осы кісінің құрметіне қойылды» деп тайға таңба басқандай қылып көрсетіп қойса да болар еді. Өзі салып отырған мешіттің қабырғасына мұндай тақта орнатса, ешкім де қарсы шықпайды деп ойлаймыз. Қоғамда «мешіт атына туысқаны-ның есімін берді» деген пікір қайшылығына да ұшырамас еді.

Шынайы ниет
болуы қажет

Араб елдерінде мешіттердің барлығы дерлік жергілікті атаулармен аталады. Алматыда да мешіттер Орталық мешіт, Тастақ мешіті, Ақсай мешіті деген секілді атаулармен белгілі. Бұл өз кезегінде жарасымды да. Адам есімінен гөрі, мекен атауларымен аталуы ерсілік тудырмайды. Негізі, мешіттерге ат қойғанда оны салған кісінің емес, сол жерде тұратын кісі-лердің пікірлерін негізге алу керек. Өйткені, мешіт атауы да ел мен жер тарихына байланысты болғаны орынды секілді. Жалпы, кәсіпкерлердің шет елге барып, онды-солды ақша шашқанынан гөрі елімізде мешіт ашып, сауапты іс істегені дұрыс. Тек бұл ниет бәсекелестіктен емес, шынайы ниеттен туса игі.

Кім-кімге де белгілі, дініміз атаға да, руға да, ұлтқа да, тіпті нәсілге де бөлмейді. Ислам діні барша адамзатқа ортақ. Олай болса, асыл дініміздің аясын тарылтып, оны пенделік төмен деңгейге түсіру ешқандай адамгершіліктің де аясына сыймайды.

КЕРЕК КЕҢЕС

Ниет болса, жұмыс бар



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Биыл 21 мың алматылық жұмысқа орналасты. Ал «екі қолға бір күрек» іздеп жүрген жұмыссыздарға 1400 бос орын бар. Бұл туралы Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының Уақытша жұмыс орындары бөлімінің басшысы Гау-хар Әуелова айтты.

Бүгінгі таңда аталған орталық арқылы 11 мыңдай жұмыс беруші кәсіпорын-мекеме ынтымақтастық орнатқан. Жалпы, әлеу-меттік жұмыс орындары үшін жасалатын бұл өзара келісім жұмыс беруші мен қызметкер үшін де теңдей тиімді. Себебі, жұмыссыз адам жұмыс тапса, ал кәсіпкер олардың жа-лақысы үшін мемлекеттен субсидия алады.

Назерке Рысқұлбек жоғары оқу орнын тәмамдаған соң мамандығы бойынша жұмыс таппай ұзағырақ жүріп қалған еді. Бүгінде Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналасып, ойдағыдай еңбек етіп жүр. Қазір ол үлкен бір компанияның SMM-қызметкері.

– 2019 жылы университет бітірдім. Ал-ғашқы 5-6 ай демалып, жұмыс іздей баста-дым. Шыны керек, бірден табу қиынға тиді. Қай мекеме де жұмыс өтілі бар маманды ал-ғысы келеді. Мен университетті енді ғана бітірген соң еңбек тәжірибем болған жоқ. Кейін Жұмыспен қамту орталығы жайлы естіп, сонда бардым. Айым онынан туып, қазіргі жұмысқа орналастым. Жұмысым, ұжымым ұнайды. Ең бастысы, жас маман ретінде аға буыннан тәжірибе жинап, үлкен көшке ілесіп кететініме сенімдімін, – дейді алматылық Назерке Рысқұлбек.

Ал кәсіпкер Тимур Мәуешов қалалық Жұмыспен қамту орталығымен 2 жарым

жылдан бері тығыз байланыс орнатқан. Ол автомобильдерді такси қызметі үшін жалға берумен айналысады. Мемлекет ұсынған бағдарламалар арқылы маманды жұмысқа алу өте тиімді дейді ол. Себебі, әр қызметкер-ге мемлекеттен арнайы субсидия бөлінеді. Бұл қолдау кәсіпкерлік нысанның еңбекқақы шығынын едәуір азайтады.

– Жұмыспен қамту орталығы бізге көп көмек көрсетті. Ең алғаш 2019 жылы бізге «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы шең-берінде 10 орын берген болатын. Біз осы мамандықтарды толықтай игердік. Қызмет-керлер енді ғана университет тәмамдаған жастар еді. Оларды бірден үлкен компанияға жұмысқа алмайтыны белгілі. Сондықтан әлеуметтік қолдау қажет. Осы орайда жас кәсіпкерлерге субсидиялау арқылы қолдау көрсеткені үшін мемлекетке алғыс білдіргім келеді, – дейді Тимур Мәуешов.

Өздеріне мамандар керек кәсіпкерлер бүгінде Enbek.kz сайтында «Қызметкер із-деймін» батырмасы арқылы онлайн-режимде өтініш бере алады. Одан бөлек, платформада жұмыс іздеген тұрғындардың түйіндемесін қарауға мүмкіндігі бар.

– Кәсіпкерге маман керек болса, Жұмыс-пен қамту орталығына келіп, өтініш бере алады немесе өз мекемесінің ЭЦҚ кілті арқы-лы біздің Enbek.kz сайтында тіркеліп, өзінің тұрақты жұмысын жарияласа болады. Жұ-мыссыз тұлға еңбек сайтына кіріп тіркеледі және де бос орындарды көріп, өзі жолдаманы бұл жерге келмей-ақ ала беруіне болады, – дейді тақырыпты толықтырған қалалық Жұ-мыспен қамту орталығының бөлім жетекшісі Гаухар Әуелова.

Жыл басынан бері осы орталық арқылы 11 мыңнан аса адам тұрақты жұмысқа орна-ласқан. Ал 9 мыңнан астам алматылық уа-қытша табыс көзін иеленген.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК



Түнөп шығу үйі
панасыздарға қолұшын
созбақ



Әсел
ДАҒЖАН

Меганолисте белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу орталығы ашылды. Бұл туралы «Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығы» КММ ди-ректоры Болат Айтмұрзаев өзінің Instagram әлеуметтік желісінде жазды.

«Қала халқының ұлғаюы мен өмірлік қиын жағдайға тап болған жандарға әлеу-меттік көмек көрсету қажеттілігіне байла-нысты Түнөп шығу үйі Әлеуметтік бейімдеу орталығы болып қайта құрылды. Өтініш білдірген тұрғылықты жері жоқ адамдар түнгі уақытта ғана емес, сонымен қатар, тәулік бойы арнаулы әлеуметтік қызмет-тердің кепілдендірілген көлемін орталықта алуға мүмкіндік алды», – деп атап өтті ол.

Орталық белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, көмелет жасына толғандар және бас бостандығынан айыру орындарынан боса-тылған, пробация қызметінде есепте тұратын

адамдар үшін бір тәулік тұруға немесе уақыт-ша тұруға (тәуліктің түнгі уақытында) арнал-ған. 230 төсек-орынға есептелген, оның ішінде 50 төсек – түнеу бөлімшесіне тиесілі.

«Қаңыбастық өмір салтын өзгерткісі келмейтін адамдарға түнеу бөлімшесі ұйым-дастырылды, оларға тәуліктің түнгі уақы-тында төсек-орын беріледі, бірақ ыстық тамақпен қамтамасыз етілмейді. Мұнда орталықтың мамандары әлеуметтік қыз-меттердің 7 түрін көрсетеді», – деп жазды Болат Айтмұрзаев.


Қызмет алушылардың жоғалған әлеу-меттік мәртебесін қалпына келтіру үшін Ор-талық бірқатар іс-шаралар өткізеді:

– Қызмет алушыларға төсек-орын жаб-дықтары, жеке гигиена заттары мен іш киім-мен қамтамасыз етілген төсек-орын ұсыны-лады. Жеке басты куәландыратын құжаттарды қалпына келтіру, зейнетақы, мүгедектікті ресімдеу, сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету үшін басқа да жағдайларға жәрдем көрсетіледі. Қызмет алушылар орта-лықта болу уақытына қарай төрт мезгіл та-мақпен, емделу, қажетті құжаттарды ресім-деу үшін қызмет алушыларды тасымалдаудың көліктік қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Орталық аумағында спорттық іс-шара-ларды (волейбол, футбол) және дене жатты-ғуларын өткізуге арналған көше тренажерла-рымен жабдықталған спорт алаңы да бар.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС



Вакцина алу – маңызды

(Басы 1-бетте)

Алматының СЭБД мәліметі бойынша коронавирустың симптомды тасымалдаушыларының үлесі жұқтырғандар санының 95%-ын құрайды. Инфекциялық стационарларда 2775 науқас жатыр, оның ішінде 109-ы бала. Орташа ауырлық дәрежесідегі науқастар – 1480 адам, ауыр жағдайдағы – 1183, өте ауыр жағдайда – 112, жансақтау бөліміндегілер – 266. Тағы 5723 науқас Телемедицина орталығы қызметкерлерінің бақылауымен үйде емделуде.

Вакциналанбаған тұрғындар қауіп аймағында тұр. Сондықтан COVID-19-ға қарсы профилактикалық вакцинаны алу қажет. Әсіресе, 60 жастан асқан тұрғындардың алғаны жөн, өйткені, олардың арасында дерт жұқтырғандар 12%-ды құрайды. 20–39 жас аралығындағы тұрғындар да қауіп аймағында. Осы санаттағы дерт жұқтырғандар 28%-ға жеткен. 45–50 жас аралығында КВИ жұқтырғандар саны 24%-дан асады.

Пандемия кезінде жеке қорғаныс шараларын сақтау маңызды, әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде, жабық бөлмелерде, бетперде тағу қажет. Эпидемиологиялық зерттеулер бойынша Алматыда дерт жұқтыратын негізгі орындар: отбасылық байланыс – 20,1%, сауда объектілері – 20,8%, оның ішінде базарлар – 9,1%, қоғамдық көліктер – 19,7%.

Жұқпалы аурулардың басталу маусымының алдында Алматы тұрғындары коронавирусқа қарсы вакцина алуы тиіс. Елдегі вакциналар жақсы зерттеуден өткендер.

Бірінші компонентпен 928 946 алматылық, екіншісімен 820 220 адам егілді. Оның ішінде 60 жастан асқандар – 116 677 адам. Мегалистте екпені 160 вакциналану пунктіннің бірінен алуға болады.

Алматы эпидемиологтерінің мәліметі бойынша 20 қыркүйекте халықтың иммундық қабаты ресми санның шамамен 48,6%-ын құраған. Вакцинаның екі компонентімен егілгендер 41,4%-ды, ал жыл басынан бері дерттен сауыққандар 7,2%-ды құрайды.

COVID-19

Тегін дәрі-дәрмек көлемі артты



Алматы қалалық мәслихаты мәлімдегендей, қала әкімдігінің ұсынысы бойынша депутаттар сирек кездесетін ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттар тізбесін кеңейтуді бекітті.

Сондай-ақ, медициналық препараттар көлемі ұлғайды. 1,3 млрд. теңге мөлшерінде бөлінген қосымша қаражат жұлын бұлшықетінің атрофиясын, І санаттағы қант диабетін, симптоматикалық эпилепсия мен басқа да ауруларды емдеуге бағытталады.



Жаңа челлендж

Әлеуметтік желілерде екпеге қатысты түрлі қауесет таратушылар азаяр емес. Осындай дақпырт әңгімеге нүкте қою үшін Алматыдағы №9 емхананың ақ халатты абзал жандары жаңа челлендж бастады.

Олар өздері әзірлеген қысқа ғана бейнероликте вакцинаның маңыздылығына тоқталады. Сөйтіп, дәрігерлер бұл бастаманы өзге де әріптестеріне жолдады. «Қазіргі таңда індеттен құтылудың бірден-бір жолы – екпе алу. Сол себепті, біз №9 емхана ұжымымен осы челленджді бастадық. Басты мақсаты – тұрғындарға екпенің маңыздылығы жайлы және ұжымдық иммунитетті қалыптастыруды түсіндіру болып табылады», – деді №9 қалалық емхананың эпидемиолог-дәрігері Мәдина Туашева.



Кодпен таңбаланды

Қытайлық «Vero Cell» вакцинасы қазақстандық Data Matrix кодымен таңбаланды. Бұл код арқылы екпені қаптау мен оны сақтау температурасы ескерілген.

Бұл белгінің болуы препараттың жоғалып кетуіне тосқауыл қояды. Таңбаланған екпе пилоттық жоба негізінде ел ауруханаларына жеткізілді. Айта кетерлігі, вакцинаны тасымалдау мен сақтау кезінде барлық қажетті температура-лық талаптар орындалған.

Әзірлеген Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Гүлбану ДАЛАБАЕВА, зейнеткер:

– Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алдым. Бұл – әр адам үшін бүгінгі таңда аса қажетті қадам. Бір жылдан астам уақыт бойы елді дүрбелеңге салған індетті жеңудің жолы екпе алу екенін әлем ғалымдары мойындап отыр. Түрлі әлеуметтік желілердегі екпе жайындағы кері ұғымдарға қарамастан, жас та, жасамыс та екпе пункттерінің алдында тұрғанын көріп, жалпы бұқара болып індетке қарсы тұрғанына көзім жетті.

Бұл – болашағымыз үшін қажет. Өз жағдайыма келсем, ешқандай өзгеріс немесе денсаулығымда ауытқушылық жоқ. Екпені қалыпты түрде қабылдадым.



Гүлнар СЕРІКБАЕВА, қала тұрғыны:

– «Спутник V» вакцинасының екі компонентін алдым. Екпе – менің саналы таңдауым. Сондықтан құрметті азаматтар, баршаңызды, әсіресе, қауіпкер тобындағы және еңбекке қабілетті жастағы адамдарды екпе алуға шақырамын.

Вакциналау – өте қауіпті жұқпалы аурудың алдын алудың жалғыз тиімді және қауіпсіз әдісі екенін түсіну керек. Бұл қысқа мерзімде аурудың таралуын едәуір шектейді және ауру мен өлім-жітімді азайтады. Сонымен қатар, вакциналаудан кейін сіз бетперде киіп, басқа қорғаныс ережелерін сақтауыңыз керек. Тек осылай ғана біз өмірдің, жұмыстың, қарым-қатынастың, отбасылық дәстүрлердің, саяхаттардың бұрынғы ырғағына орала аламыз.

Алдағы уақытта да барша жақындарымызды екпе алуға шақырайық. Пандемиядан тезірек құтылып, бұрынғы өмірімізге оралайық! Барлығыңызды денсаулықты бақылауға және вакцина алуға шақырамын!



Әзірлеген Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ЖАҢА ҚАУЛЫ

ОҚШАУЛАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

ҚР Бас санитарлық дәрігерінің жаңа қаулысы бойынша COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқаспен байланыста болған адамдарды оқшаулау тәртібі өзгерді.

Атап айтқанда, науқаспен жақын байланыста болудың шарттары нақтыланған. Олар:

– COVID-19 жағдайымен бір үйде бірге тұратын адам;

– COVID-19-бен ауыратын науқаспен немесе COVID-19 жағдайының инфекциялық бөлінділерімен қорғалмаған тікелей байланыста болған адам (мысалы, жөтелу, қол алысу кезінде және т.б.);

– ЖКҚ (қорғаныш бетпердесін) пайдаланбай жабық үй-жайда (мысалы, сыныпта, кеңеске арналған бөлмеде, ауруханадағы күту бөлмесінде және т.б.) COVID-19 жағдайымен бірге 15 минут немесе одан көп уақыт ішінде 1,5 метрден кем қашықтықта болған адам;

– COVID-19 жағдайына тікелей күтімді қамтамасыз ететін медицина қызметкері немесе басқа да адам немесе ұсынылған ЖКҚ-сыз не ЖКҚ-ны қолдануды бұзу мүмкіндігімен COVID-19 жағдайының биоүлгілерімен жұмыс істеген зертхана мамандары;

– ұшақта, қалааралық қатынастағы автобуста, пойызда, COVID-19-бен ауыратын науқаспен кез келген бағытта екі орындық қашықтықта болған байланыста болған адам, сондай-ақ, COVID-19-бен ауыратын науқас ұшқан ұшақтың секциясына қызмет көрсеткен экипаж мүшелері ретінде айқындалады.

«Жақын байланыста болғандарды анықтау үшін эпидемиологиялық байланыстарды тергеп-тексеру кезеңі COVID-19 жағдайы анықталғанға

дейін 14 тәулік бұрын басталуы және COVID-19 жағдайын оқшаулау сәтімен аяқталуы тиіс», – деп жазылған құжатта. Сондай-ақ, қаулы науқаспен байланыста болған адамдарға қатысты мынадай шаралар қабылдау керектігін нұсқайды:

1) COVID-19-ға қарсы вакциналаудың толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау болмаған кезде COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдар (жақын байланыс) 14 күнге үйде оқшаулауға (үй карантині) жатады. Оқшаулаудың 3-ші күні ПТР әдісімен COVID-19-ға байланыста болған адамды (жақын байланыс) зертханалық тексеру үшін сынама алу жүргізіледі. ПТР зерттеу теріс болған жағдайда МСАК маманы күн сайын 14 күн бойы телефон арқылы байланыста болған адамнан оның денсаулық жағдайын (дене температурасы, ауру белгілерінің болуы) нақтылайды, 14 күн өткеннен кейін COVID-19 белгілері болмаған жағдайда карантин мен оқшаулау аяқталады. ПТР-зерттеудің оң нәтижесі болған кезде МСАК маманы Санитариялық-эпидемиологиялық комитеттің аумақтық бөлімшесіне COVID-19-бен ауыратын науқасқа жедел хабарлама береді.

2) COVID-19-ға қарсы вакциналаудың толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау болған кезде COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдар (жақын байланыс) МСАК маманының медициналық тексеруіне жатады. COVID-19 белгілері болмаған кезде байланыста болған адамдар үй карантиніне оқшауланбайды, COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізілмейді, МСАК маманы күн сайын 14 күн бойы телефон арқылы байланыста болған адамнан оның денсаулық жағдайын (дене температу-

расы, ауру белгілерінің болуы) нақтылайды. Аурудың белгілері пайда болған кезде байланыста болған адам ПТР-тест нәтижелерін алғанға дейін ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеруге және үйде оқшаулауға (үй карантині) жатады. COVID-19 диагнозы расталған кезде МСАК маманы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесіне COVID-19-бен ауыратын науқасқа шұғыл хабарлама береді.

3) Симптомсыз вирус тасымалдаушылық кезінде пациент амбулаториялық жағдайда медициналық бақылауға және осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес оқшаулау жағдайлары болған кезде COVID-19-бен ауыратын науқаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 14 күнге үйде оқшаулауға (үй карантині) жатады. Учаскелік терапевт күн сайын коронавирустық инфекцияның клиникалық симптомдарының болуына үй карантиніндегі симптомсыз вирус тасымалдаушыға қоңырау шалуға міндетті. Үй карантиніндегі симптомсыз вирус тасымалдаушыда аурудың клиникалық белгілері пайда болған кезде (дене температурасының 38 градусқа дейін және одан жоғары көтерілуі, тамақтың жиырылуы және/немесе ауыруы, әлсіздік, жөтел, бас ауыруы, енгізу, тыныс алудың қиындауы және коронавирустық инфекцияның басқа да симптомдары) учаскелік терапевт Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесіне COVID-19-бен ауыратын науқасқа жедел хабарлама береді. Ал COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған адамның және шет елден Қазақстан Республикасына авиарейстермен келген адам қолхат тапсырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Ковид-куәлік талап етіледі

АВСТРАЛИЯ жұрты локадауға қарсы наразылық шерулерін өткізді. Қатаң шектеулерден әбден қажыған жергілікті тұрғындар полициямен қақтығысып қалған. Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін Сиднейде – 200-ден астам адам, ал Мельбурнда 30-дан аса шеруші қамауға алынған.

Екі тараптың қақтығысы кезінде бірнеше тәртіп сақшысы жарақат алған. Виктория штатында 6 полиция қызметкері ауруханаға жатқызылған.

Соңғы мәлімет бойынша елде халықтың 50%-дан астамы толық егілген. Соған қарамастан, КВИ етек жайып бара жатқан көрінеді.

АҚШ билігі жасы 65-тен асқан тұрғындарына вакцинаның үшінші дозасын салу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Сондай-ақ, екпенің үшінші бөлігі дәрігерлерге, мұғалімдерге және қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін мамандық иелеріне салынуы да ықтимал.

Осы орайда айта кетерлігі, АҚШ азаматтарын қайтадан жаппай вакциналауға осыған дейін көптеген тәуелсіз сарапшылар қарсы шыққан-ды.

Фирс Вашингтонда суретші Сюзанна Фирстенбергтің көрмесі өтіп жатыр. Далаға 650 мыңнан астам ақ жалау

ілінген. Бұлар коронавирустан көз жұмған әр америкалықтың санын білдіреді екен. Көрме 3 қазанға дейін жалғаспақ.

БЕЛЬГИЯ билігі халқынан 1 қазаннан бастап ковид-куәліктер талап ете бастайды. Яғни елде шектеу шаралары жеңілдейді. Дүкендер мен қонақүйлерде бетперде тағып жүру талап етілмейді. Бірақ қоғамдық көлікте, медицина және қызмет көрсету мекемелерінде тағу міндетті. Мұндай жеңілдіктерге баруға елдегі ересектердің 84%-ының толық вакцина салдырғаны себеп болған. Осылайша Корольдік егілгендер саны бойынша Еуроодақта алғашқы орынға шықты.

КАМБОДЖА билігі 6–11 жастағы балаларға вакцина салуға шешім шығарды. Бұл олардың тезірек мектепке оралуы үшін жасалып жатқан қадам көрінеді. Осылайша жергілікті үкімет көмелет жасына толмаған 2 миллион жеткіншекке екпе салуды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, жаздың соңына қарай бұл елде 12–17 жас аралығындағы балаларды вакциналау ісі қолға алынған.

ЛАТВИЯ елінде вакцина салдырғандарға арналған вагоны бар пойыздар жолға шықты. Оған сондай-ақ, корона-

вируспен ауырғандар да кіргізіледі. Ішке жіберілмес бұрын жолаушылар екпе алғаны, ауырғаны немесе тесттің теріс нәтижесі туралы қағазын көрсетуі керек. Вагонда бетпердесіз жүріп-тұруға болады. Сонымен бірге, басқа вагондардағыдай орын санына шектеу жоқ.

Өзге вагондарда керісінше санитарлық талаптар күшейтіліп жатыр.

Латвияның ересек тұрғындарының 40%-ы ғана вакцинаның 2 дозасын салдырған көрінеді.

ДДСҰ Ресейдің «Спутник V» вакцинасын мақұлдау процесін уақытша тоқтатты. Оған препарат өндіретін зауыттардың бірінде сапа стандарттарының сақталмауы себеп болған. Енді өндірушілер сол кемшіліктердің жоюына туралы сауал жолдауға тиіс. Осыдан кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зауытты тағы да тексереді.

Мәлімет көздеріне сүйенсек, әлемде 5,5 миллиардтан аса екпе жасалынған. Соның 80%-ы бай мемлекеттерде салынды. Бұл ретте Еуроодақ келер жылы табысы орташа не төмен елдерге екпенің 200 млн. дозасын бөлетін болды.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мегалополисте орналасқан Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларында және Алматы облысында орналасқан әскери бөлімдер қарайды. Ұлттық ұлан – Конституция қалқаны. Оның құрамында ер-азаматтармен иық түйістіре, жауапкершілігі ауыр погон тағып жүрген нәзік қыз-келіншектер де бар. Біз бүгін сөз тізгінін сол замандастарымызға береміз.



Әскер тілін қазақшаға бұрдық

Данара БАЙМАҒАНБЕТОВА, подполковник, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметінің басшысы:

Алматыдағы қазақ мектептерінің бірінде сабақ беріп жүргенмін. Көкемгі демалыс кезі. Мектепте жалғыз, кезекші болып отырғанмын. Сырттан кірген бейтаныс әдемі қыз бірден сөзге көшіп, өздерінің мекемесіне аудармашы іздеп жүргенін айтты. Жәй мекеме емес, әскери бөлімге екен. Ал аударма сүйікті ісім еді. Нартәуекел деп келесі күні әскери бөлім командиріне әңгімелесуге кірдім. Бөлім командирі, подполковник Ұларбек Абышев (қазіргі шені генерал-майор) дипломымды қарап шығып, әскердегі іс жүргізуді мемлекеттік тілге аудару жұмысы басталған-



КОНСТИТУЦИЯ ҚАЛҚАНЫ

Ұлттық ұланның жауапкершілігі зор міндетін абыроймен атқарысып жүрген қыз-келіншектер аз емес

дығын, сол себепті мамандар іздеп отырған-дығын, бөлімде қазақ тілінде іс жүргізе алатын бірде-бір маман жоқтығын, іс жүргізу ғана емес, жалпы әскер тілін қазақшалау талабын қолға алу жайын айтып өтіп, қолыма қызметке қабылдау үшін әскери-дәрігерлік комиссиядан өту жолдамасын ұстатты. Мен әскерге кездейсоқ осылай, Тәуелсіздігіміздің елең-алаң шағында келген едім.

Тәуелсіз ел болу деген маңдайдағы бақ қой! Ел үшін тәуелсіздіктен артық, тәуелсіздіктен қымбат ештеңе болуы мүмкін емес. Әлемге дербес мемлекет болып танылдық, өзімізді таныттық, мойындаттық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 26 күн өткенде, 1992 жылдың 10 қаңтарында, күштік құрылымдар ішінде ең алғашқы болып Қазақстанның Ішкі әскері құрылды. Тәуелсіздік алған күннен бастап елдің ішкі тыныштығы мен қауіпсіздігі, аса маңызды нысандар мен түзеу мекемелерінің күзеті – аса маңызды мәселе болды. Еліміздің қауіпсіздігінің қалқаны болып отырған Ұлттық ұланның жаңа тарихы тәуелсіздігімізбен бірге жазылып келеді.

Сөйтіп, қызметім өзіме бірден ұнады, орным осында екенін түсіндім. Иығма қатардағы жауынгердің тап-таза погонын тақтым. Ол жылдары әскердегі қыз-келіншектердің басым бөлігі өзге ұлттан болғанымен, қазақ қыздарының да қарасы көбейіп қалған еді.

Бізде, үнемі әскери форма киіп жүретіндіктен, ер, әйел деп қарамайды. Талап

бірдей. Полигонда аптап ыстықта, суық аяздарда қаруымызды көтеріп, ерлермен бірге оқу-жаттығуға барамыз. Қала көшелерінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қадағалау, түзеу мекемелерін күзету немесе мемлекеттік маңызды нысандарды күзету сияқты қызметтерді атқаруға шығамыз. Бұл біздің төзіміміз бен мінезімізді шындағанмен, нәзіктігімізді жоя алмайды.

Адам бойындағы шыншылдықты бағалаймын. Менің ұстанымым – айтқан сөзде тұру керек. Сырғақтық, өтірік сөйлеу, ғайбат айту, сөзінде тұрмау деген жағымсыз қасиеттерді мүлде ұнатпаймын. Нақтылықты жақсы көремін, айналамнан да соны талап етемін.

Алматы – менің өмірім. Мен бұл шаһарға 17 жасымда келдім. Көп қуанышым осы қаламен байланысты. Жоғары оқу орнын осында оқыдым, қызмет етіп жатырмын. Тұрмыс құрдым. Екі ұлымыз осы қалада дүниеге келді. Биыл, міне, Алматы тұрғыны болғаным 30 жыл болды. Біздің буынның үлкен мәселесі – баспана болатын. Бұл жағдай біздің де бастан өтті. Талай жыл Алматының «квартиранты» болып жүрдік. Кейіннен мемлекеттік бағдарламалар ашылып, халыққа қызмет етіп жүрген мұғалім, дәрігер, әскери қызметшілердің үй алуына мүмкіндік жасалды, осындай бағдарламалардың бірімен баспаналы болдық. Мұның бәрі Тәуелсіздіктің жемісі деп білемін.



Еңбектің өтелгені де – мәртебе

Айсұлу ЖАҚСЫЛЫҚОВА, аға сержант, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 7552 әскери бөлімінің лазарет старшинасы:

Бауырларым әскери қызметшілер болғандықтан, мен де осы ізді жалғадым. Мен үшін ер адамдармен қатар қызмет ету ешқашан қиын болған емес. Бәлкім, бұл тұрғыда көп жағдайда ер-азаматқа тән бітім-болмысым көмекке келетін шығар.

Тәуелсіздік маған құқық қорғау саласының қыр-сырын үйретті. Елге, Отанға деген махаббатымды нығайта түсті. Ал «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, ел басына күн туса, менің де басым, отбасыма күн туғаны! Кейінгі ұрпақты қорғау, Отан алдындағы борышымды адал атқару үшін өлер-өлгенше қолыма қару ұстап қорғауға дайынмын. Біз бүгінгі жастарға әр ісімізбен, әр сөзімізбен үлгі бола білуіміз керек. Әскерде қатаң тәртіп бар. Иә, әскери борышын өтеуге жаңадан келген сарбаздардың бет-бейнесіне қарасаңыз, кейбірі әлі де еркеліктің ауылынан алыстай, анасының бауырынан шыға қоймаған епсіз болып көрінеді. Алайда, олар бір жыл ішінде ойларын да, бойларын түзеп үлгеріп, сымдай тартылып шығып, үйлеріне қайтарда бәрімізге жеке-жеке рахметін айтып, әскери бөлімді қимай бара жатқандарын да сездіреді. Тіпті, арнайы хабарласып, бір кездегі ерке ұлының азамат болып оралғанына риза кейіппен атаналар да жиі хабарласып жатады.

Мен әскерде медицина саласында қызмет ететіндіктен, кейде әскерге келетін жас сарбаздарды үлкен қалаларға іссапарға барып алып келемін. Сондай сапарлардың бірінде жергілікті әскери комиссариатқа бару үшін такси шақырттым. Таксист жігіт бұрынғы өзімнің алып келген бір сарбазым болып шықты. Сонау 2012 жылы Қостанай қаласынан алып кеткен екенмін. Сұраса, сөйлесе келе, есіме түсірдім. Ол өзінің Ұлттық ұландығы қызықтарын айтып және қайтадан шақырылса, еш ойланбастан қайтадан әскерге келетіндігін, өзінің бұрынғы командирлеріне, старшинасына арнайы сәлем айтып қалды. Мұндай сәтте еңбегіміздің еш емес екенін сезінгеннің өзі қуаныш сыйлайды екен адамға.

Ұлттық ұлан – құқық қорғау әскері болғандықтан, кез келген ұландық тәртіпсіздік пен бұзақылық болған жерде бей-жай қарап тұрмайды. Тіпті, қызметтен тыс уақытта да бұл мәселеге қырағы қараймыз. Қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермейміз. Мен өзім мұндай жағдайда міндетті түрде ескерту жасап, түсіндіру үшін ол адаммен әңгімелесемін. Ал егер көшеде ауырып қалған адам немесе ада-сып қалған бала болса, бірден көмек беруге асығамыз. Ұландықтар күн сайын қала көшелерін жіті қадағалап, бұзақыларды ауыздықтап, талай қылмыстың алдын алып келеді.

Еліме, жеріме тек тыныштық тілеймін.



Әлия, Мәншүктердің жалғасымыз

Жанар МҰҚАМЖАРОВА, майор, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы басқармасының мемлекеттік тіл маманы:

2002 жылы Ақтау қаласындағы 6656 әскери бөліміне штаб аудармашысы (мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі нұсқаушы) лауазымына қызметке қабылдандым. Ол кезде іс қағаздарын мемлекеттік тілге аудару мәселесінің шарықтап тұрған шағы болатын.

Әрине, бастапқыда өте қиын болды, бірақ 19 жылдан астам уақыт ыстығы мен суығына төзіп, қызығы мен шығығы қатар жүретін әскери өмірге үйреніп кетеді екенсің. Әскери форманың өзі адамды тәртіпке баулып, жауапкершілікті күшейтеді, сондықтан мүмкін сырт көзге суықтау көрінетін де шығармыз. Ал қызметтен тыс уақытта әрине, отбасымызда аналық, әйелдік, келіндік міндетімізді атқарамыз. «Әйел қырық жанды» деген сөз бекер айтылмаған шығар.

Әскер болған соң тек өз жұмысым деп отырмайсың, әмбебап болуың керек. Сондықтан тәрбие саласындағы барлық жұмыстан хабардар болуымыз қажет. Ең басты міндетім – әскери қызметшілерге сабақ беру, тілді меңгерту. Бізде өзге ұлт өкілдері арасында жыл сайын «Мемлекеттік тіл – менің

ЕЗУАТТАР

«БОМБА»

ҚР Ұлттық ұланының қолдауымен отандық «Казбат» кинокартинасы түсіріліп жатқан кез. Түсірілім алаңынан қолбасшылыққа күнде түрлі тапсырмалар беріліп жатады.

Фильмнің шарықтау шегі тау ішіндегі ұрыс көрінісі еді. Ол үшін Шарын шағқалындағы ескі көпір таңдалып алынған. Сол жерде картина сценарийі бойынша «қиян-кескі ұрыс» болмақ. Соған орай жаңа тапсырма түседі. Жақын маңдағы ауыл, аудан тұрғындарына атыс-жарылыстың кино үшін болып жатқанын, ешкімнің үрейленіп, қорқып қалмауын ескерту керек. Ұлттық ұланның баспасөз қызметі өкілдері жергілікті аудан әкімінің, әскери комиссариаттың, полиция қызметкерінің байланыс нөмірлерін тауып, қоңырау шала бастайды. Бірақ біразға дейін байланысқа шыға алмай қиналады. Содан амал жоқ, подполковник Данара Тәңірбергенқызы «сол ауылдың адамы ғой, байланысуға бір көмегі болар» деп қайынысына телефон соғады. Оған кино түсіріліп жатқандығын, қандай мақсатта екенін, қандай оқиғаға негізделгенін, кинода атыс болатынын айта келіп, соның бәрін әкімге ескерту керек дейді. Туысы түсінгендей болады. Бірақ сәлден соң келіншегі телефон соғып: «Тәте, сіз әлгінде не айтып едіңіз? Жолдасым «акиматқа бомба қойылыпты» деп жан-жаққа хабарлап жатыр», – деген екен.

тілім» байқау-сайысы өтіп тұрады. Міне, осындай сайыстарда өзге ұлт өкілін қазақша сөйлетіп, қазақтың салт-дәстүрін, ырымын, т.б. көрсетуіне себің тисе, ол еңбегіңнің еш кетпегені деп ойлаймын.

«Өміріңіз қайта айналып келсе, осы саланы қайта таңдар ма едіңіз?» дейсіз бе? Мүмкін. Бірақ әйел затына бала тәрбиесіне, ұрпақ жалғастығына көп көңіл бөлу керек сияқты. Өзім көпбалалы отбасында дүниеге келгендіктен, мен сол тұрғыда ұтылған сияқтымын, соның орнын толтырар ма едім деймін кей-кейде. Қазіргі таңда өмірлік серігім екеуміз екі қыз тәрбиелеп отырмыз.

Егер ел басына күн туа қалса, қолға қару ұстауға да әзірміз. Тіпті болмаса, алғашқы медициналық көмек көрсететін медицина қызметкері болатын шығармыз. Бойымызда Әлия, Мәншүк, Хиуаз сынды батыр әпкелеріміздің қаны бар ғой.



Ғарышта қонақүй салынуы мүмкін



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жер планетасына жакын ғарыштық қонақүй алдағы он жылда пайда болуы мүмкін.

wi-fi.ru сайтының ақпаратына сүйенсек, туристер ғарышқа ұшып, осындай ерекше қонақүйге бара алады. Циолковский атындағы Ресей космонавтика академиясы оны 2027-2028 жылдары Илон Маск немесе Джефф Безос салатынына сенімді.

«Бұл – олардың қолынан келеді, технологиялар қолжетімді, егер уақыттары болса, мұны жасай алады», делінген хабарламада.

Әлемдегі ең қауіпсіз қала



Әлем елдерінде саяхатшы-туристердің қауіпсіздігі басты мәселе екені белгілі. Биыл «қауіпсіздік» термині сол өзгеше мағынаға ие болды. Economist Intelligence Unit (SCI) қауіпсіз қалалар индексіне көрініс тапты. Бірінші орын Дания астанасы Копенгагенге бұйырды. SCI сарапшылары қалаларды цифрлық қауіпсіздік, денсаулық қауіпсіздігі, жеке қауіпсіздік пен инфрақұрылымнан экологиялық қауіпсіздікке дейінгі 60 критерий бойынша бағалайды. Соңғы элемент тек 2021 жылы қосылды. Токио, Сингапур және Осака сияқты Азия қалалары тұрақты түрде бірінші орындарға ие болатын, бірақ жаңа критериймен Копенгаген алға шықты. Ол 100-ден 82,4 ұпай жинады.

«Дания астанасы 2019 жылғы сегізінші орыннан бірінші орынға көтерілді. Бұл қала жеке қауіпсіздігімен қатар, экологиялық қауіпсіздік бөлімін енгізудің арқасында жақсы нәтижеге қол жеткізді», – делінген ақпаратта.

«Копенгагенді осындай қауіпсіз қалаға айналдыратын негізгі факторлардың бірі – қылмыстың төмен деңгейі. Ол қазір он жылдан астам уақыт ішінде ең төменгі деңгейде», – дейді Дания астанасының лорд мэрі Ларе Вайс. Канадалық Торонто 82,2 ұпаймен екінші орында, Сингапур 80,7 ұпаймен үшінші орында. Сидней төртінші, ал 2019 жылғы жеңімпаз Токио бесінші орынға ие болды.

КЕРЕК КЕҢЕС

Қадамдарын тез-тез басып, асығып бара жатқан адамдар. Әсіресе, бұл көрініс қыркүйек айы басталған кезде Алматыдай алып мегаполис тұрғындарының жүрісінен байқалады. Американдық киноларда қолына кофе ұстап алып, жүгіріп бара жатқан кейіпкерлерді көрсек, біздің қала тұрғындары автобустың соңынан жүгіріп бара жатады.

ЖАЯУ ӘРІ БАЯУ ЖҮРІС ақыл-ойға пайдалы



Әсел
ДАҒЖАН

Үлкен қаладағы тіршілік ырғағының жылдамдығы оның өз тұрғындарына үйреншікті болып кететіні рас. Бізге солтүстік өңірден келген туыстарымыз «Алматының адамдары, қайда асығындар осы?» деп таңқалып сұрайды. «Біз үшін ол үйреншікті жағдай» десек, «өмірлерің стресске толы екен» деп күлген. Бір есептен сөздерің жаны бар. Бір жерден екінші бір жерге жету үшін кемінде 2 сағат уақытың жолға шығындалады. Кептелісте тұратын кездердің бәрінің артындағы ашу-ыза соңы өзіміз мән бере бермейтін күйзеліске апарады. «Осындай қым-қуыт тіршіліктің қамымен жалғаса беретін жүгіріс, асығыс кездерде адам өмірдің рахатын сезінбей, бүкіл ғұмырының қалай өте шыққанын білмей де қалады», – дейді мамандар. Яғни адам өмірінің әрбір сәтінен рахат ала білмесе, әрбір сәтті сезіне алмаса, онсыз да жылдам өтіп жатқан уақытта адам өмірінің қалай тез өтіп кеткенін байқамай қалады дейді.

Бәлкім, сіз де «уақыт өте тез өтіп жатыр» дегенді жиі естіп жүрген шығарсыз. Міне, сол зымырап жатқан уақытта адам да сол жылдамдықтың соңына ілесем деп жүгіре берсе, ол уақытты еш-



қашан қуып жете алмайды. Ол үшін адам өзі баяулау керек дейді бүгінгі ғалымдар. Сонда ғана адамның өміріне әр кіріп, ол жан-жағындағы тіршіліктің картинасын толықтай көре алады, әр сәттен ләззат алып, өмір сүруді үйренеді дейді.

Сондықтан мегаполис тұрғындарына күніне бір мезгіл асықпай жаяу жүрген өте маңызды көрінеді. Жаяу жүргенде адам әдетте басқа істермен айналысқан кезде пайдаланбайтын ақылының бір бөлігін іске қосады екен. Демек, асықпай жаяу жүру – өте пайдалы әрі дағдыға айналдыратын-ақ әдет.

Жақсы серуендегіңіз келсе, алдымен ұялы телефоныңызды өшіріп, психолог-мамандар айтпақшы, «осы жерде, осы сәтте» болыңыз. Яғни қайда жаяу келе жатқаныңызға көңіл бөлуіңіз керек. Серуендеу мен терең тыныс алуға ден қою маңызды. Әрбір қадамыңызға мән беріп, бау жүріңіз. Айналаңыздағы сұлулыққа тереңінен көз салыңыз.

Жүргізілген ғылыми зерттеулерге сәйкес, үнемі әрі тұрақты серуендеу ми жасушалары арасында жаңа байланыс орнатуға ықпал етеді, митохондриялардың қартаюын азайтады және гиппокамптың көлемін арттырады (есте сақтауға жауапты маңызды ми бөлігі). Демек, жаяу жүру адамдағы білім мен зейіннің жақсаруына септігін тигізеді.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Жүріс неден өзгерген?

Табиғатқа тамсану, табиғатты тамашалау адамның жүрісін баяулатады, ал қаланың қарбалас тірлігінен адам жылдам адымдап үйренген. Екі бөлек әлем... Әлбетте, табиғатты тамашалау адамның жүйкесін тыныштандырып, тәні мен жан саулығын жақсартады.

Бұл бағытта арнайы жүргізілген зерттеу нәтижесі көрсеткендей, табиғи орта қалалық ортаға қарағанда адамның когнитивті белсенділігін

қажет етпейді. Біздің тұр-тұлғамыз миллиондаған жыл бойы табиғи ортада қалыптасқандықтан, біз инстинкт деңгейінде табиғи ортаға ұмтыламыз.

Ұлыбританиядағы Бристол университетінің ғалымдары адамның өмір сүріп жүрген ортасына қарай адымының қалай өзгеретінін зерделеп көрген екен. Бұл жайында islam.kz порталы аталмыш зерттеу материалы жарияланған PLOS

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Тәнге саулық, жанға рахат сыйлайтын демалысты кім жек көрсін? Біраз уақыт болса да тынығып алып, жұмысқа тын серіппенмен кіріскенге не жетсін! Өкінішке қарай, оған жұрттың көпшілігінің зауқы соқпайды. Ықылассыз, яғни амалсыздан келетіндер бар. Ал жұмысқа қалай құлшына кірісуге болады? Бірге ойла-сып көрейік.

Жұмысқа жаңадан шыққан кезде белгілі бір мақсат қойып, ойша болса да жоспар құрып алған жөн. Тың идеялармен жұмысқа белсенді кіріссеңіз, әріптестеріңізге жаңа қырыңыздан көрінесіз. Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз артып, басшылар жылы қабақ танытады. Жұмыстағы немесе қызметтестер арасындағы келеңсіздіктер туралы мүлде ойламаңыз. Жүрегіңіздің қалауын тыңдаңыз. Өзіңізді кәсіби тұрғыда шыңдап, қабілетіңізді танытуға күш салы-

Демалыстан кейінгі өмір...



ңыз. Тіпті, қазіргі қоғамға қажетті жаңа мамандықтарды игеру де артық емес. Жан-жақты болу қажетті табыс табумен қатар жаңа мүмкіндіктер сыйлайды.

Сондай-ақ, демалыс кезінде үй-жайды жөндеу жұмыстарымен айналысу, табиғаты қолайсыздау өте қатты ыстық аймақта болу шаршатып, организм өзіне-өзі келем дегенше көп уақыт өтуі

мүмкін. Саяхаттау, спорттық жарыстарға қатысу, билеу, көңіл көтеру адамды жағымсыз ойлардан құтқарады. Сондықтан демалыстың соңына қарай неғұрлым белсенді, жігерлі болыңыз.

Өзіңізді серке сезінуге дұрыс тамақтанудың да әсері бар.

– Ашы әрі майлы емес, тез сіңетін жеңіл тағамдар жеген дұрыс. – Көкөністер мен жеміс-жидектерді көбірек пайдаланыңыз, тәбетіңіз тартпаған тағамдардан бас тартыңыз.

– Тым болмаса күніне бір рет дененіңізге массаж жасатыңыз.

– Су жағасында серуендеуді, кешкісін таза ауада тынығуды әдетке айналдырыңыз.

– Өзіңіз қызығатын қосымша ермеңіз болсын, мысалы, теннис ойнау, биге қатысу, колонер бұйымын жасау деген сияқты. Үнемі жайдары жүруге тырысыңыз, достарыңызға, жақындарыңызға сыйлық жасаңыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Стэнфорд университетінің тағы бір зерттеуі серуендеу тек серуендеу кезінде ғана емес, одан кейін де біраз уақыт бойы шығармашылықты арттыратынын көрсетті. Әсіресе, бақтар, саябақтар мен ормандарда серуендеген кезде антропогендік ортаның әсерінен сарқылатын ақыл-ой ресурстары қалпына келеді.

Стоик философтары түйсікпен байланысу үшін ақыл-ой жаттығуларының бір түрі ретінде асықпай жаяу жүруді ұсынады. Буддистер болса, бақытты және салауатты өмір сүру үшін жаяу жүруді ұсынады.

Ницше мен Фрейд секілді философтар, Малер мен Бетховен сияқты композиторлар, Тесла мен Эйнштейн сияқты өнертапқыштар, Хемингуэй мен Дарвин сияқты жазушылар күнделікті серуендеуді әдет қылған.



Оң мерзімді басылымына сілтеме жасай отырып мәлім етеді. Бұл тараптағы тәжірибеге 81–61 жас аралығындағы 57 адам қатысқан. Оларға табиғаты тұмса орта мен қалалық ортаның картинасы көрсетіледі. Содан кейін олардың қайсысынан ләззат алғанын сұрайды. Нәтижесінде қалалық ортаға қарағанда табиғи орта картинасы көбірек ләззат сыйлағаны белгілі болды. Керісінше, қалалық орта картинасы жайсыздық тудырған: басы ауырғандар, жүрегі айнығандар мен қалалық орта картинасын көзі бұлдырап көргендері де болған.

Өзіңе-өзің көмектес!

– Жұмысқа демалыстан 2-3 күн бұрын шығу керек.

– Күндіз үйге келіп демалып, жақсылап ұйықтаған жөн. Ерте жатып, 8 сағаттан әдеттегіден көбірек ұйықтауға дағдылану керек.

– Өзіңізге ұнайтын іспен ғана шұғылданыңыз. Сүйікті адамыңызбен, достарыңызбен кездесіп, өзіңізге-өзіңіз көңіл күй сыйлаңыз. Бос уақытыңызды көңілді өткізуге тырысыңыз.

– Демалыста дәрумендер жиынтығын, иммунитет көтеретін, денсаулықты жақсартатын дәрілерді қабылдаңыз.

– Күндіз ауық-ауық қыдырып, үзіліс жасап, көшеге шығып тұрыңыз.

– Жексенбі сайынғы үй тірлігінен шаршасаңыз – көңілді кеш ұйымдастырыңыз, апта соңында отбасыңызбен табиғатқа шығып, театрға барып, мұражай аралаңыз.

– Демалыс күніңізді тынығуға, спортпен айналысуға арнаңыз. Велосипед тебіңіз, қыдырыңыз, сырғанаңыз...

– Көбінесе, пайдалы ботқа, йогурт, консервіленген көкөніс, ет, балық жеңіз.

– Келесі жылғы демалыстың қамын биылдан жасаңыз. Жұмыста жыл бойы көтеріңкі көңіл күйде, сымбатты қалыпта жүріп, келесі демалысты жақсы өткізуді жоспарлаңыз.

Дайындаған С.САҒЫМ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 3 айға – 1801,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 3 айға – 4861,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ТЕГІН КӨМЕК ҚҰНЫ ҚАНША?

Қатерлі ісік үкім емес



Серік
ЖҰМАБАЕВ



Қатерлі ісікті емдеу нәтижесі – оны анықтау мерзіміне байланысты. Ауру қаншалықты ерте анықталса, оны емдеу де мейлінше оңай. Оның үстіне, ем-домға кететін шығын да 200 есеге дейін қысқарады.

Биылғы жылы Алматы қаласы бойынша қатерлі ісікті анықтауға бағытталған тексерулерге 1,37 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді.

Атап айтар болсақ, 731,5 млн. теңге сүт безі обырын анықтауға жұмсалмақ. Скринингтің бұл түрінен 40 пен 70 жас аралығындағы әйелдер жылына екі рет тегін өте алады. Оңтүстік астана бойынша аталған санатқа жататын әйелдер саны 300 мыңнан асады.

Сонымен қатар, жатыр мойны қатерлі ісігін анықтау шараларына 472,8 млн. теңгеге жуық қаражат қарастырылған. Тегін жасалатын тексерудің бұл түрінен 30 бен 70 жас аралығындағы әйелдер өте алады. Алматыда бұл санатқа кіретін әйелдердің саны 486 мыңға жуықтайды.

Ал колоректальді обырға 50 мен 70 жас аралығындағы ерлер де, әйелдер де тексерілуі тиіс. Скринингтің бұл түріне 170,7 млн. теңге жұмсалмақ.

Скрининг мемлекет тарапынан кепіл-

дендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде тегін жүргізіледі. Одан өту үшін әр азамат өзі тіркелген емханасына хабарласуы тиіс.

Айта кететін жайт, қазіргі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, Алматы қалалық онкологиялық орталығы Алматы қаласының пациенттеріне үздіксіз онкологиялық көмек көрсетуде. Жыл басынан бері қаланың 2954 тұрғындарынан созылмалы ауру анықталған.

Алматыда аурушандық құрылымы бойынша сүт безі қатерлі ісігі бірінші орында, екінші орында – тоқ ішек қатерлі ісігі, үшінші орында – өкпенің қатерлі ісігі, төртінші орында – асқазанның қатерлі ісігі, бесінші орында – аналық жыныс безінің қатерлі ісігі.

Жүргізілген скрининг бойынша, жыл басынан бері 148 қатерлі ісік және 9304 қатерлі ісік алдындағы аурулар анықталды.

«Скрининг жолымен анықталған қатерлі ісіктер 1-2 аурушандық сатысында екені айқындалды. Мұндай жағдайда ем тәсілі өзінің тиімді әсерін көрсетіп науқастың толығымен емделіп шығуына септігін тигізбек. Сондықтан да скринингтен өту қажет. Оның ерте кезеңдегі қатерлі ісікті диагностикалау арқылы толыққанды емдеуіне ықпалы болуы әбден мүмкін. Ал тым кеш анықталғандарды емдеу қиынға түседі және ахуалы нашарлайды», – дейді Алматы онкология орталығының дәрігері Нұрсұлтан Ізмағамбетов.

Жылдың басынан бері 2498 КТ және 368 МРТ жасалып, телепатологияның көмегімен 472 халықаралық кеңес берілген. Паллиативті көмек көрсету бойынша 3436 мобильдік бригада онкологиялық аурумен ауыратындарды анықтаған.

Сонғы деректерге сүйенсек, қазір Қазақстанда 180 мыңнан астам адам онкологиялық есепте тұр. Қатерлі ісіктен жыл сайын 14 мыңнан астам адам қайтыс болады. Сондықтан бүгінгі таңда елімізде ауруды ерте анықтау мүмкіндігі артып отырғаны қуантпай қоймайды.

БӘРЕКЕЛДІ!



«Жыл жаңалығы»



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«DJ Иманбек» деп танылған қазақстандық Иманбек Зейкенов GQ Russia журналының жыл сайын өткізілетін «Жыл жаңалығы» номинациясын жеңіп алды.

Журналдың ресми сайтында «Men of the Year – 2021» лауреаттарының тізімі жарияланды.

Grammy сыйлығы – миллиардтаған тыңдарман мен әлемдік музыкалық компаниялар және лейблдармен келісім-шарт. SAINI JHN-нің әлемдік хитке айналған «Roses» трегін жазған қазақстандық жас диджей, продюсер Иманбек Зейкенов әлі бұдан да биік шыңдарды бағындырады деген сенімдеміз, – деп жазды GQ.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «ДАТ» газетінің редакторы
Бакытгүл Көпбайқызы МӘКІМБАЙДЫН қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Журналистер одағы «ДАТ» газетінің редакторы
Бакытгүл Көпбайқызы МӘКІМБАЙДЫН қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Әсел ДАҒЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ОНЛАЙН–САНАҚТАН ӨТІҢІЗ!

ХАЛЫҚ САНАҒЫ 2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚ ПАРАҚТАРЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2-Ж БЛАНКІ

8 СҰРАҚ

- Тұрғын үй типі
- Жалпы ауданы
- Сүмен жабдықтау
- Жылыту
- Бөлмелер саны

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫНДАР ҮШІН

3-И БЛАНКІ

40 СҰРАҚ

- Жынысы
- Туған күні
- Ұлты
- Білім деңгейі
- Некедегі жағдайы

ҚАЗАҚСТАНДА УАҚЫТША ЖҮРГЕНДЕР ҮШІН

4-В БЛАНКІ

11 СҰРАҚ

- Жынысы
- Азаматтығы
- Тұрақты тұратын елі
- Қазақстан Республикасына келу мақсаты

Сізге көмек көрсетіледі

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазір елімізде Халық санағы–2021 жүріп жатыр. Тұрғындардың алды тіркеуден өтіп үлгергенімен, әлі де санақтан өте алмай жатқандар жеткілікті. Жетісу ауданы әкімшілігі санақтан өте алмаған аудан тұрғындарына мына төмендегі мекенжайлардағы жауапты қызметті ұсынып отыр. Сонымен, сіз өздігіңізден тіркеліп, санақтан өте алмасаңыз...

Сізге міндетті түрде көмек көрсетіледі!

Жетісу ауданы әкімінің аппараты – Серіков көшесі, Жетісу аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығы – Серіков көшесі, 6 А;

«NUR OTAN» АҚФ ТҚФ – «Құлагер» ш/а., 59-үй;

№11 қалалық емхана – «Айнабұлақ-3» ш/а., 87-үй;

«Айнабұлақ-2» базары – «Айнабұлақ-2», 65 Г, «Белес» СУ – «Айнабұлақ-2» ш/а., 71 Д;

«Мерей» СУ – Сүйінбай д-лы, 2, к 7;

«Максима» СОО – Райымбек д-лы, 239 Ж;

«Кемел» Мәдениет үйі – «Кемел» ш/а., Есім хан көшесі, 127-үй;

Арнайы ХҚКО – Ақсуат көшесі, 118-үй;

«Магнум» – Есім хан көшесі, 42 Г;

«Көкжиек» СУ – «Көкжиек» ш/а., 31 Б/1;

№21 қалалық емхана – «Көкжиек» ш/а., 66-үй;

«Магнум» – Демьян Бедный к-сі, 3;

«Дәулет» дүкені – «Көкмайса» ш/а., 31 үй;

Вокзал-2 – Абылай хан даңғылы, 1/17;

Салық басқармасы – Абылай хан даңғылы, 2.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Айыппұлды өндіру жеделдейді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жол ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлемейтіндерге тексеру басталды.

«Құқық бұзушылыққа нөлдік төзбеушілік» қағидасын жүзеге асыру, бұзушылық үшін жазаның міндетті түрде болатынын және әкімшілік айыппұлдарды өндіру тиімділігін арттыру мақсатында Алматы полициясы «Борышкер» жедел алдын алу іс-шарасын жүргізуде. Жол қозғалысы көп жерлерде шараны өткізуге жол-патрульдік полициясының автокөлік экипажы қатысады. Әкімшілік айыппұлдар бойынша берешегі бар борышкерлерді автоматты түрде есептейтін «ЖҚҚ» ААЖ және «Сергек» АӨК де қолданылады», – деп хабарлады полициядан.

Құқық бұзушының көлігі мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылады.

«Жоспарланған кезеңдік іс-шара, шектеулері бар адамдар мен көлік құралдарын анықтауға, сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша міндеттемелерді ерікті түрде, заңмен белгіленген мерзімде орындамаған адамдарды анықтауға бағытталған. Қозғалып келе жатқан көлік ағынының арасында жүйе құқық бұзушының көлігін анықтайтын болса, инспектор көлікті тоқтатады және тоқтау себебін түсіндіреді. Содан кейін құқық бұзушының көлігі мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылады. Тұру орнында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес тәркілеу хаттамасы жасалады. Мұндай әкімшілік шаралар құқық бұзушылардың заңды міндеттемелерді уақытында орындауына тиімді әсер етеді деп есептеймін», – деді Алматы қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Нұрлан Аманбек.

Сондай-ақ, іс-шараға Өңірлік жеке сот орындаушылар палатасының сот орындаушылары мен Алматы қаласы прокуратурасының қызметкерлері қатысады.

ҚАЛА КҮНІ



Кішкентай тұрғындар да қуанды

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жылда аталып өтетін Алматы күнін, әсіресе, балақайлар асыға күтетіні рас. Себебі, бұл күні ұйымдастырылатын барлық іс-шара көбіне балалардың отбасымен бірге, төрт көзі түгел емін-еркін қыдыруына, асыр салып ойнауына лайықталады. Бала дегенде жаны бөлек ата-аналар да баласы үшін уақытын қиып, бұл күні бір жасап қалады.

Биылғы Қала күні де пандемияға байланысты он-



лайн форматта өткенімен, балалар қызықсыз қалған жоқ. Бостандық ауданы әкімдігінің өкілдері, шаһардағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, аудандағы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына «Атакент» кинотеатрында тегін анимациялық мультфильмдер тамашалау мүмкіндігін ұсынды.

Сондай-ақ, бұл күні Крылов атындағы орталық балалар кітапханасында аудан мектептері оқушыларының «Тәуелсіздік жылдары» атты онлайн сурет көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шара да талай баланың кеудесіне қуаныш, көңіліне шабыт сыйлағаны анық.

Алматы –
бүлдіршіндер
көзімен

Жыл сайын алып шаһардың төрінде түрлі сынақтан қорықпай, биік мақсатты көздеп келетін жастар бас қосады. Алматының күні де, түні де, суығы мен ыстығы да әсем қаланың жасы мен кәрісіне күн сайын шабыт беріп, өзіне ғашық студентанбайды.

Осы орайда «Jas Otan»-дық белсенділердің Қала күніне орай Alatau Creative Hub алаңында мерекелік шара өткізгенін ерекше атап өткен жөн. «AlmatyLife» жобасы аясында қаланың ғажайып табиғаты мен тарихи нысандары бейнеленген баннер орнатып, кішкентай тұрғындарға оны бояуды ұсынды. Бүлдіршіндер бұл бастаманы қуана қабылдап, барын салды. Сондай-ақ, жылы лебіз білдіріп, шаһарды көркейту бойынша идеяларымен бөлісті.

«Жобаның негізгі мақсаты – қала бүлдіршіндеріне мерекелік көңіл күй сыйлау әрі мегаполистің түрлі тарихи нысандарын бейнелеуге мүмкіндік беру. Осылайша біз тарихи нысандарды насихаттаймыз және айтулы мерекеге орай көтеріңкі көңіл күй сыйлаймыз», – дейді қалалық «Jas Otan» жастар қанаты төрағасының орынбасары Әкежан Кенесов.

Селфи-экскурсия

Этномәдени бірлестік өкілдері Қала күнін мерекелеу аясында мегаполистегі көрікті орындарға барып, селфи экскурсия жасады. Шаһар туын желбіреткен жастар электрлі самокатпен мегаполистің басты көшелерімен 40 шақырым жол жүріп өтті.

«Алматы – мың бояулы қала. Бұл әркімнің жүрегінде із қалдыратын жарқын шаһар дер едім. Осы іс-шараны жыл сайынғы дәстүрге айналдырғымыз келеді. Себебі, қазір электрлі самокатпен жүретін тұрғындар көбейді. Сондай-ақ, бұл – экологиялық транспорт түрі», – дейді «Қазақстан ұйғыр жастары одағының» төрағасы Рустам Қайыров.

Африкалық этномәдени қоғамдастықтың төрағасы Дэниел Джэймс Алматыда туып-өскен. Қазақ тілінде еркін сөйлейді. Айтуынша, басқа жаққа қоныс аударатын ойы жоқ. Оған Алматының заңғар таулары, сан құбылған ауа райы және табиғатының кереметтей көрінісі ұнайды екен.

Ал орыс этномәдени бірлестігінің мүшесі Галина Сергеевна Алматыға білім іздеп келген және осында қалуды ұйғарды. «Алматы өзінің атмосферасымен баурап алатын ерекше қала», – дейді ол.

Этномәдени бірлестіктер өкілдерінің фотосуреттері мен шаһарға арналған жүрекжарды тілектерін әлеуметтік желілерде Алматы сүйікті қала хэштегі арқылы табуға болады.

Дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.